Типологический анализ ритуальных конструкций святилища Жайсан, совместно с особенностями стиля изображения каменных скульптур, установленных на них, позволяют интерпретировать мемориалы, как тюркские культовые памятники, ареал распространения которых, по своим основным признакам близок к культуре населения восточной территории Центральной Азии. Мемориальные памятники святилища Жайсан, как и многочисленные памятники Алтая, Тувы расположены в непосредственной близости от памятников наскального искусства. Такая же закономерность в расположении мемориальных сооружений с памятниками наскального искусства прослежена исследователями и на территории, локализации комплексов различных эпох в Кыргызстане [Винник, Помакина, 1975, с. 92].

Очевидно, что отсутствие или же лимитированный характер набора атрибутов, изображаемых на скульптуре в виде серег или гривны, амулета на погрудной статуе, напрямую связаны с социальным статусом персоны, в честь которого она





1



2

Сурет 7. 1 – Жайсан 27, 1-ші топтағы тас мүсінді ескерткіштердің графикалық жобасы мен суреттері; 2 – Жайсан 27, 2-ші топтағы тас мүсінді ескерткіштердің графикалық жобасы мен суреттері

Рисунок 7. 1 – Жайсан 27, группа Теректы 1, ритуальные ограды с изваяниями; 2 – Жайсан 27, группа Теректы 2, ритуальные ограды с изваяниями




*Жайсан 27, Теректы 1 тобындагы ескерткіштердін
1-ші қоршауында орнатылған тас мүсіндерінің фотосуреттері*

*Фотографии. Культово-мемориальный комплекс Жайсан 27
Теректы 1. Ритуальные ограды с тюркскими статуями*



Жайсан 27, Теректы 2 ескерткіштеріндегі тас мүсіннің фотобейнесі

Фотография мужского изваяния. Жайсан 27. Теректы 2.



Сурет 8. Толық бейнелері көрсетілген мүсіндердің көріністері
Рисунок 8. Типы полнофигурных статуй святилища Жайсан.

меттік шектеулігін немесе еркіндігін, т.б. тұлғалық артықшылықтарын қуәландырады.

Жайсан ғибадатханасындағы ғұрыптық қоршауларда орнатылған әйел мүсіндері аса көрікті, мүсіндердің кескіні дөңгелектенген пішіндегі үлгіні, яғни кеудесінің бөлігін, бас киімін мен беттінің түрін (Жайсан 14) көрсетеді және кеудесі қарын тұстарымен көрсетілген (Жайсан 2). Әйел мүсіндерін тасқа бейнелеуде нәзік сызықтармен беруі, әйел денесін дөңгелете суреттеуі, бас киім үлгісіне лайықты тасты таңдауы түрк мүсіндеу өнерінің дәстүрлі әдісі болып келеді [Досымбаева, 2002, 53 б.].

Сонымен қатар, бет-әлпетсіз стелалардың арасында да әйел адамның құрметіне қашалып орнатылған стелалар назар аудартады. Жайсан 15 көпбөлімді мемориалында және Жайсан 11 ескерткішіндегі жекелеген қоршауда құрылыстың шығыс жағында тұрған әйел мүсіндерімен қатар, құрылымның ортасында биік стелалар тұр. Құрылыстың солтүстік – шығыс бөліміндегі ішінде қосымша жас баланың қоршауы бар Жайсан 10 кешенінің орталық қоршау ішіндегі балаға арналған кішірек қоршау, стеланы да анық әйел адамның құрметіне орнатылғандығын дәлелдейді.

Түрктің әлеуметтік элитасының жарқын әрі бірегей мемориалы Жайсан 14 культтік-мемориалдық кешені болып табылады. Жайсан 14 культтік-мемориалдық кешеніндегі бірінші мүсін ерекше көркем орындалған. Мүсінді бейнелеуде, бәдізші, дәстүрлі түрк мүсіндеу стилінің талаптарын қатаң ұстанған (сурет 8, 1). Ескерткішті орнату сәтінде мүсіннің қолына, тырнағына және саусақтарына түзу доғал пішіндегі қосымша өңдеу жұмыстарын жүргізгендігі байқалады (сурет 8, 2). Шаштары тік айырық болып бөлініп, арқасында жіберілген қалпында көрсетілген (бұл үші н тастың кедір – бұдырлы рельефі сәтті қолданылған). Мүсіннің иегі үшкірлеу, бет жүзі кең әрі сопақша, қасы мұрнынан иіліп, әрі тізу қиылған, мұртының ұшы жоғары қарай ширатылған, сақалы тамшы үлгісіндегі әсем бейнеленіп, нағыз батыр тұлғасын сомдайды. Екі құлағында да дөңгелек ірі сырға бейнеленген (сурет 8, 2 а). Кең жағалы сырт киімі, сүйір тұмсықты аяқ киімі секілді этнографиялық ерекшел

создана. Результаты анализа особенностей стиля изображения портрета, реалий отображенных на скульптуре, отличий в позах и др. свидетельствуют о степени ранжирования в тюркском социуме, уровне регламентации и определенных социальных привилегиях или ограничениях присущих тем или иным личностям, запечатленных на монументах.

Женские изваяния, установленные на ритуальных оградах святилища Жайсан более грацильны, очертания фигуры передают округлость форм: нижней части туловища, головы, овала лица и головного убора (Жайсан 14), показаны груди, живот (Жайсан 2). Манера передачи в камне очертаний женской фигуры более мягкими линиями, подчеркивающими округлость формы женского тела, подбор фактуры камня, для передачи головного убора, является традиционным приемом тюркского камнерезного искусства. Обращает на себя внимание, что и среди безликих стел есть такие, которые высечены и установлены в честь женщин. На одиночной ограде памятника Жайсан 11 и многосекционном мемориале Жайсан 15 с женскими статуями, стоящими с восточной стороны сооружений, в центре конструкций стоят высокие стелы. Стела из центральной ограды комплекса Жайсан 10, с дополнительной детской оградкой внутри конструкции в северо-восточном секторе сооружения, также свидетельствует об установке ее в честь женщины.

Наиболее ярким и примечательным мемориалом тюркской социальной элиты является культурно-мемориальный комплекс Жайсан 14. Изваяние 1 из культового мемориального комплекса Жайсан 14 представляет собой наиболее выразительную скульптуру. Стилистические приемы, использованные мастером для передачи индивидуальных черт, выдержаны в строгом соответствии с требованиями изобразительного канона традиционного тюркского стиля (рисунок 8, 1). Установлено, что при ваянии скульптуры использована дополнительная шлифовка всех деталей, включая ногти пальцев рук статуи, очертания которых переданы, правильными овальными контурами. Волосы человека показаны ниспадающими по



іктері нағыз шебер қолынан шыққандай. Белдігінің элементтері: ұзынша — доғал түрдегі кішкентай қалқанмен және доғал үлгідегі кішкене тілді тоға және белдіктің ұшыанық бейнеленген. Әртүрлі үлгідегі оюлармен безендірілген, сабы иілген қанжар белдікке параллель ілінген. Қанжарды белдікке ілуге арналған ілгектері бейнеленген (сурет 8, 2 в). Мүсіннің кеуде тұсында оң қолымен ұстаған кубок тәрізді ыдысы бейнеленген (сурет 8, 2 б).

Сипатталып отырған ер адамның тас мүсіні түрк монументалды мүсіндеу өнерінде кең таралған бірегей мүсіндер тобына кіреді және орындалуы жағынан ұқсас үлгілері көшпенділер мекен еткен Монғолияда, Тувада, Алтайда, Оңтүстік Оралда, Жетісу мен Сарыарқа территорияларында зерттелген [Бауар, 1997, fig. 86; 88, с. 59-66; Кубарев, 1984, с. 20, 27, 29, 33, 36, 38, 40, рис. 4, 5, 6, 7, 8; Боталов, 1996, с. 226; Шер, 1966, табл. V, 21; VI, 28; XV, 61-63; XVI, 64, 70; XVII, 72-75; Маргулан, 2003, рис. 20, 24, 89, 97].

Түрк әлемінің мәдени құндылықтарының ұқсас тобы біркелкі әше-кейлерден байқалады және олардың Орталық Азияның ұланғайыр даласынан ұшырасуы кездейсоқ емес. Сырға түрлерін зерттеудің нәтижелері бойынша, Жайсан 14 ескерткішіндегі 1-ші мүсіннің екі құлағында бейнеленген құлақтың сырғалығына жалғасқан шар үлгісі мен алқа түріндегі сырғалар «кейде конус немесе тамшы үлгісіндегі алқалары бар, дәнекерленген іші қуыс кішкене шарлар (маржанды, әйнекті, моншақты) алтын, көбінесе күміс және қола-ның кең таралған түрін елестетеді» [Кубарев, 1984, 29 б.]. Суреттеліп отырған ер адам сырғасы түрк ақсүйектерінің белгісі ретінде және этномәдениет белгілерінің бірі ретінде тағылған. VII-VIII ғасырлардағы Шаш оазисінен табылған, Батыс түрк қағанатының атынан шығарылған монеталарда дәл осындай сырғалар бейнеленген [Бабаяров, 2007, 18-19, 64, 67, 73 б.].

Бірінші мүсіннің қолындағы дөңгелек, ұзыншалау келген, ернеуі жазылған және табаны конус формасындағы құмыралар Алтай, Тува тас мүсіндерінде кең таралған және Орталық Азияның шығыс аралындағы түрктік жерлеу орындарынан табылған бұйымдардың арасында қай-

спине и разделенными на прямой пробор (рисунок 8, 2 а). Черты широкого, овального по форме лица, со слегка заостренным подбородком, изогнутыми бровями, переходящими плавно в линию прямого, с разлетающимися крыльями носа и кончиками усов, достигающих краев лица, совместно с изящной, каплевидной формы бородкой передают образ героической личности. В обоих ушах статуи изображены округлые крупные серьги (рисунок 8, 2 а). Этнографические особенности проработаны мастером в таких элементах как верхняя одежда, с широким отложным воротником, полы верхней одежды и остроносые сапоги. На скульптуре изображен орнаментированный пояс, пряжки и наконец ремня. Орнаментацией выделены ножны кинжала. Подвесные обоймы оружия содержат имитацию заклепок (рисунок 8, 2 в). Кубковидный сосуд показан на уровне груди, в правой руке изваяния (рисунок 8, 2 б).

Описываемый тип мужской каменной статуи, выполненный в сходном стиле, широко известен по материалам памятников тюркской монументальной скульптуры и является одним из наиболее ярких и характерных типов изваяний, получивших распространение в ареале обитания кочевников Центральной Азии. Близкие, по стилю изображения изучены на территории Монголии, Тувы, на Алтае, Южном Урале, Семиречье и Сары-Арке [Бауар, 1997, fig. 86; 88, с. 59-66; Кубарев, 1984, с. 20, 27, 29, 33, 36, 38, 40, рис. 4, 5, 6, 7, 8; Боталов, 1996, с. 226; 34, табл. V, 21; VI, 28; XV, 61-63; XVI, 64, 70; XVII, 72-75; Маргулан, 2003, рис. 20, 24, 89, 97, 121].

Круг аналогий с культурными ценностями тюркского мира прослеживается и по одинаковым типам украшений, бытование которых в широких пределах степной части Центральной Азии не является случайным. Согласно результатам исследования типы серег, изображенные в обоих ушах скульптуры 1 из памятника Жайсан 14 в форме, примыкающей к мочке уха, шаровидной подвески воспроизводят широко распространенную форму золотых, чаще серебряных и бронзовых серег, с напаянным полым шариком (жемчужиной, стеклянной бусиной), имеющих

A landscape photograph showing a vast steppe. In the foreground, there is a low, circular stone structure made of reddish-brown rocks, possibly a memorial or a well. The middle ground is filled with a dense field of bright red poppies. The background shows a flat, open plain under a clear sky.

Жайсан 14. Ғұрыптық-мемориалды кешен.
Қазақ даласындағы түрк қағанының
монументалды бейнесі

Жайсан 14. Культурно-мемориальный ком-
плекс. Монументальный облик тюркского
кагана в ландшафте казахской степи



таланып отырады [Кубарев, 1984, 143, 198, 214, 215, 143 мүсіндер].

Мұндай ыдысты мүсіннің болған уақыты туралы жүргізілген дәлелдемелер жиынтығы VII-X ғғ. жататын сәндік аспап баусыз, квадратты немесе тікбұрышты үлгідегі қаңылтыр жапсырмаларының 2-ші түрге жататын белдікпен үйлесімділігі, сонымен қатар VIII ғасырға жататын 1-ші мүсінге түрі бойынша жақын мүсіндер қатарының кезеңделуі Жайсан 14 мемориалының кезеңін анықтау барысын біраз жеңілдетеді [Кубарев, 1984, с. 33, 36, 45].

Бірқатар авторлардың пікірі бойынша, белдікке параллель ілінген, сабы иілген қанжармен бірге жылжымалы тілді сопақша келген белдікте бейнеленген тоғаның кең көлемдегі ұқсас үлгілері VII – IX ғғ. Еуразияның далалық белдеуіндегі барлық аймақтарда жиі қолданыс тапқан [Распопова, 1965, №4, с. 78-91. рис. 1, 3-6, 17, с. 81-83; Ковалевская, 1979, с. 19-20, табл. IV, 11, 13; Иванов, Копылов, 2000, с. 86-89].

Мүсіннің шаштары тік айырық болып бөлініп, желке тұсында арқасына қарай бірқалыпты тарқатылған күйде көрсетілген. Шашты тік айырық етіп бөліп бейнелеудің мұндай тәсілі Орталық Азия және Қазақстандағы түрк тас мүсіндерінен белгілі [Евтюхова, 1952, 104 б., 61-сурет, 1; Кубарев, 1984, кесте 9, 1]. Түркітерді бейнелеген бейнелеу өнерінің көптеген ескерткіштерінде ер адамның әр түрлі шаш үлгілері көрсетілген. Жазба деректерде түркітердің жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайына байланысты шаш қою тәртібін белгілеу және осыған сай шаш қою үлгілері туралы едәуір көлемде мәліметтер сақталған. Әдетте түркітердің сәнді шаш қою түрлері көшпелі халықтармен әйтеуір бір байланысы болған өзге этнос пен мәдениет өкілдері тарапынан белгіленді. Бұл қытай жазба деректерінде де байқалмай қалмайды. Түрк қағанының тарқатылған шаштарының лентамен маңдайынан буылғандығы, ал еріп жүрген қошаметшілерінің шаштарының бұрым етіп өрілгендігі қытай саяхатшысы, Сюань-Цзянның назарынан тыс қалмады [Chavannes, 1903, 194 б.].

Шығыс Түркістан территориясынан табылып, зерттелінген археологиялық олжалардың бірінде түркітердің ортағасырлық

иногда коническую или каплевидную подвеску. Описанный тип мужской серьги являлся символом тюркской элиты и служил в качестве одного из этнокультурных маркеров. Портреты каганов на денежных номиналах Западного Тюркского каганата VII – VIII вв из Чачского оазиса сопровождалась изображениями таких же серег [Бабаяров, 2007, сс. 18-19, 64, 67, 73].

Форма сосуда — кувшинчика с округлым, удлинённым туловом с отогнутым горлом и конусовидным поддоном в правой руке скульптуры 1 широко известна по тюркским изваяниям Алтая, Тувы и дублируются находками из тюркских погребальных памятников восточного ареала Центральной Азии [Кубарев, 1984, рис. изваяний 143, 198, 214, 215, 143]. Период бытования изваяний с изображениями описываемых форм сосудов, в сочетании с поясами типа 2, с гладкими бляшками квадратной или подпрямоугольной формы, без декоративных подвесных ремешков периодом VII-X вв, а также датировка ряда статуй, близких по типу изваянию 1 VIII веком [Кубарев, 1984, с. 33, 36, 45] способствует определению хронологии мемориала Жайсан 14.

Тип овально рамчатой пражки, с подвижным язычком, изображенный на поясе, совместно с кинжалом, с изогнутой рукоятью, подвешенном параллельно поясу, также имеет широкий круг аналогий и по мнению ряда авторов широко бытует в период VII-IX вв на всей территории Евразийского пояса степей [Распопова, 1965, №4, с. 78-91. рис. 1, 3 – 6, 17, с. 81-83; Ковалевская, 1979, с. 19-20, табл. IV, 11, 13; 18а, с. 40, рис. 8, 6 (левая сторона); Иванов, Копылов, 2000. с. 86-89, рис. 3 - 1, 16].

Волосы на статуе, показанные разделенными на прямой пробор, способом проведения прямой, глубокой линии, идущей со лба, на затылке плавно переходят в форму распущенных по спине волос. Стиль изображения волос, способом их деления на прямой пробор, представляет собой традиционную тюркскую манеру укладки волос и широко известен по изваяниям Центральной Азии и Казахстана [Евтюхова, 1952, с. 104, рис. 61, 1; Кубарев, 1984, табл. 9, 1].

бейнелері кескінделген. 579 жылы жерленген мәйіттің табытының қабырғасында түркілер шаштары тарқатылған күйінде суреттелген. Қабырға суретіндегі Соғды сарт бауының және оның саудагер қызметкерлерінен түркілердің ерекшелігі – түркілер иықтарына түскен тарқатылған шаштарымен бейнеленуінде еді. Түркілерді бейнелеуде қағанның шашын тік айрық етіп бейнелеуі және мұндай шаш үлгісінің басқаларында болмауы өте маңызды [Сунгатай, Еженханулы, 2006, сурет 2.28 – 2.33].



Жайсан 17 мүсінің фетобейнесі
Жайсан 17. Фотография изваяния

Афрасиабтың фрескаларындағы патшаның қызметшілері ішінде түркілер де бұрымдарымен көрсетілген [Альбаум, 1985, сурет 4, 28, 29; сурет 7, 38-42 бб.]. Сонымен қатар, 612 жылы Тұрфан оазисі (Шығыс Түркістан) корольдігін билеушілердің бірінің тұрғындарға туполердің салтын жалғастырудан бас тартуды және «бұрымдарын тарқату мен сол жақты етеккі жоюды» бұйырған жарлығы да назар аудартады [Бичурин, 1950. т. II, 254 б.]. Заңды актілермен расталған шашқою жолдарын белгілеудегі бұрым қою дәстүрі адамның тәуелді жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Қайғылы рәсімге

В письменных источниках, сохранилось значительное количество информации о формах причесок тюрков, регламентации норм ношения и взаимной связи типа прически от социального положения личности. Манерное оформление прически тюрков обычно отмечалось представителями иных этносов и культур, когда-либо имевших контакты с номадами. От внимания китайского путешественника, паломника Сюань-Цзяна не ускользнуло, что распущенные волосы тюркского кагана были перехвачены на лбу лентой, а волосы сопровождавшей его свиты были заплетены в косы [Chavannes, 1903, с. 194].

Одним из ранних, документированных археологическими находками изображений тюрков, показанных с распущенными волосами, являются картины на стенках саркофага из захоронения 579 года, изученного на территории Восточного Туркестана. В отличие от главы согдийской колонии и его торговой свиты, все сюжеты на которых показаны тюрки, изображают их с ниспадающими на плечи волосами. Не менее важным является и такой элемент прически, как центральный пробор, разделяющий волосы кагана и отсутствие такового на голове других персонажей, изображающих тюрков [Сунгатай, Еженханулы, 2006, рисунок 2.28 – 2.33].

Тюрки из свиты царя на фресках Афрасиаба показаны с косами [Альбаум, 1985, рис. 4, 28, 29; рис. 7, с. 38-42]. Заслуживающим внимания является исторический документ (указ, одного из владетелей княжеств Турфанского оазиса, Восточный Туркестан), датированный 612 годом, согласно которому велено всем жителям княжества отказаться от следования тюркским обычаям и "... расплести косы и уничтожить левую полу" [Бичурин, 1950. т. II, с. 254]. Нормирование способов ношения прически, подтверждаемое законодательными актами, однозначно свидетельствует, что факт ношения кос указывал на характер зависимого положения человека. Вероятно, распущенные волосы мужчин, принимающих участие в скорбной церемонии, свидетельствуют о социальном статусе

қатысушы ер адамның тарқатылған шаштары жоқтау ғұрпына қатысушылардың әлеуметтік деңгейін дәлелдеуі мүмкін. Мүсінде бейнеленген барлық атрибуттар жиынтығымен бірге 1-мүсіннің семантикасымен байланысты тік айырық болып бөлінген тарқатылған шаштар оларды түрк көшпелі ақсүйектерінің символы ретінде түсіндіруге мүмкіндік туғызады. Сипатталып отырған тік айықты шаш үлгісінің ортағасырлық Шаш оазисінен табылған монеталардағы қағандардың, тегіндер мен ябғулардың шаш үлгілерімен сәйкес келуі, түрк ақсүйектерінің өзіндік этникалық ерекшеліктерін қалыптастырғандығын дәлелдейді [Бабаяров, 2007. 11, 14, 16 б.].

Жайсан ғибадатханасындағы бұрымы бар тас мүсін Аламан 3 культтік кешеніндегі үш мүсіннің бірінде көрініс тапқан. Осыған дейін ғылыми әдебиеттерде жарияланған тас мүсіндерден бөлек, бізде бұрымы бар үш ер адам мүсіндері туралы ақпарат бар. Олардың бірі Мерке аудандық мұражайында және қалған екеуі Түркістан мен Отырар қалаларындағы тарихи-өлкетану мұражайларында сақтаулы. Мүсінді бейнелеудегі стиль мен иконографиясы дәстүрлі түркілік стиль болып табылады және олардың шығу тегі шығыс аралдағы түрк көшпелілерінің мүсіндерімен өте ұқсас болып келеді. Тас өңдеу культтік өнерінің кең ауқымдағы ескерткіштері, суреттер, фрескалар, сонымен қатар ортағасырлық жазба дәстүрінде тіркелген мәліметтер бойынша, мұндай түрдегі шаш үлгілерінің бейнеленуі түркілер портретінің әдеттегі этнографиялық түр ерекшелігі болып табылмайтындығын дәлелдейді. Дәстүрлі, культтік және ақсүйектерге тән ескерткіштердегі шашты белгілі бір тәртіппен жинау тәсілін бейнелеу арқылы түркілер көшпелінің өзіндік бейнесін суреттеумен қатар, одан да маңыздырақ мәліметтерді бере білуі мүмкін. Шығыс түркілердің дәстүрлі бейнелеу өнерінде шашты бұрым етіп өрудің пайда болуы этномәдени жағдайдың бір қырын айқындай түседі және жаңа тарихи жағдайда VII-VIII ғғ. Батыс Түрк қағанатының жерінде құрылған шығыс және батыс аралдағы ортағасырлық көшпелілер тайпаларының өзара қарым-қатынасының саяси және әлеуметтік дең-

участников ритуала. В связи с семантикой изваяния 1, незаплетенные волосы, разделенные на прямой пробор, совместно со всем набором атрибутов, изображенных на статуе, позволяют интерпретировать их в качестве одного из этнографических черт тюркской элиты. Описываемой формой прически, разделяя ниспадающие на плечи волосы на прямой пробор тюркская элита выделяла свою этническую особенность, подтверждением чему служат и портреты тюркских каганов, ябгу и тегиннов на монетах из нумизматической коллекции средневекового Чача [Бабаяров, 2007, с. 11, 14, 16].

Изображение кос на изваяниях святилища Жайсан показано на одном из трех скульптур культового комплекса Аламан 3. Кроме статуй с косами, которые были опубликованы в литературе по тюркским статуям, мы владеем информацией еще о трех мужских изваяниях, одна из которых находится в музее с. Мерке и две скульптуры, представленные в составе коллекций, в историко-краеведческих музеях гг. Туркестан и Отрар. Приемы ва-яния, стиль и иконография описываемых скульптур являются традиционными для памятников эпохи средневековья и имеют большое сходство с изваяниями восточных тюрков. Результаты анализа показывают, что изображения типов причесок не являются обычными этнографическими штрихами к портретам тюрков. Появление в традиционном изобразительном искусстве восточных тюрков манеры плетения волос в косы высвечивает одну из граней этнокультурной ситуации и способствует пониманию содержания, и уровня социальных и политических взаимоотношений средневековых племен, восточного и западного ареалов Центральной Азии, в новой исторической обстановке, которая сложилась в период VII - VIII вв на территории Западного Тюркского каганата.

Манера изображения усов, показанных на изваянии 1 памятника Жайсан 14, также выполнена в традиционном тюркском стиле. Как и все черты портрета, воплощенного в скульптуре, формы отчетливо выраженных, разлетающихся по обе стороны лица широких усов, в сочетании с бородкой, высеченной с особым изяще-



гейі мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік туғызады.

Жайсан 14 кешеніндегі 1-мүсінде көрсетілген мұрты дәстүрлі түрк стилінде орындалған. Мүсіннің екі жағына ширатылған ұзын мұрты шоқша сақалмен үйлесім тауып, нағыз еркек тұлғасын суреттеуге бағытталған. Мүсін бейнесіндегі әрбір бөліктердің ерекше ықласпен орындалғаны оның түрк қоғамындағы әлеуметтік жоғары тап өкілінің құрметіне арналып қойылғандығын дәлелдейді.

Аталған мүсінде бейнеленген адамның әлеуметтік жағдайы жағаның кең қайырмасы, оның төменгі етек жағы және манжетті жеңдері бар сырт киім үлгісінде көрсетілген. Жағаның осыған ұқсас үлгісі Теректі 2 мемориалындағы (Жайсан 27) мүсінде де рельефпен бөлінген. Жағаны рельеф әдісімен бөлген күйде сырт киімді бейнелеу тәсілі түркілердің бейнелеу өнерінде кең таралған. Түрк мүсіндерінде кең қайырма жағалары рельеф түрінде қашалған киімдердің түп негізі бағалы аң терісінен жасалған қымбат тондар болды [Кисилев, 1951, с. 527].

Шебер, 1-мүсіннің кейпін орындауға ерекше көңіл бөлген. Мүсіннің кеуде тұсына ұстаған жартылай бүгілген оң қолында ыдыс бейнеленген, ал белінің тұсына жартылай бүгілген сол қолының әсем өңделген саусақтары қарын тұсына жайғасқан (сурет 9, 2). Сол қолы қарын тұсында бейнеленген тас мүсіндердің ұқсас үлгілері Жайсан 27 ескерткішінде және Теректі 2 тобындағы үшінші қоршаудағы мүсінде көрсетілген. Оң қолында ыдысы, белдікке параллель ілінген қанжармен бірге қарын тұсында салынған сол қолының кейпі әдеттегі үлгіде бейнеленген. Суреттелген мүсіннің ең жақын ұқсас түрлері Сарыарқа, Жамбыл облысы, Шу ауданының территориясынан (сурет 9, 4-6) және А.Н. Бернштам жариялаған мүсіннің (Қырғызстандағы Шу өзені алқабының территориясынан табылған) материалдары бойынша белгілі [Бернштам, 1943, сурет 97; 30, 1-5 - суреттер. VI-кесте, 19]. Бейненің иконографиясының және портретті бейнелеудегі нақты стильдің, тамшы түріндегі сақалының бейнелену үлгісі, қарын тұсына қойылған сол қолы және оң қолындағы ыдыстың күйі, сырт киімінің, қанжар мен

ством, передают образ мужественной личности. Описываемые детали портрета, выполненные с особым изяществом, еще раз свидетельствуют в пользу того, что статуя высечена в честь персоны, занимавшей при жизни ведущее место в социальной иерархии тюркского общества.

Социальное положение человека, изображенного на скульптуре 1 культового мемориала Жайсан 14, показано и в форме верхней одежды с широкими лацканами воротников, ее нижней полы, манжетов рукавов, плотно облегающих кисти обеих рук. Сходной формы отложной воротник верхней одежды, выделен глубокой рельефной контурной линией и на статуе из мемориала Теректы 2 памятника Жайсан 27. Прием изображения верхней одежды способом выделения воротника был широко распространен в изобразительном искусстве тюрков. Прототипами одежды, высеченной на тюркских статуях, в виде рельефных, широких, отложных воротников, были дорогие шубы из ценного меха [Кисилев, 1951, с. 527].

Специальное внимание уделено мастером позе изваяния 1. В правой, полусогнутой на уровне пояса руке, на уровне груди изображен сосуд, а кисть, также полусогнутой на уровне пояса левой руки, с изящно проработанными пальцами и отшлифованными ногтями покоится на животе (рисунок 9, 2). В аналогичной позе изображено положение левой руки на изваянии ограды 3, в группе памятников Теректы 2 памятника Жайсан 27 (рисунок 9, 3). Ближайшие аналогии описываемому изваянию, по сходству стиля изображения с типичной манерой изображения позы: сосуда в правой руке, а левой руки, обращенной ладонью и приложенной к животу, совместно с кинжалом, который подвешен параллельно поясу известны по памятникам из Сары-Арки, с территории Чуйского района Жамбылской области и статуе из Киргизии, также с территории долины реки Чу (рисунок 9, 4-6). [Бернштам, 1943, рис. 97; 30, рис. 1-5, табл. VI, 19]. Статуя из Сары-Арки, по сходству иконографии образа и изящному стилю изображения портрета, манеры изображения каплевидной по форме бородки, положению сосуда в правой руке и левой, прило-



сырғаларының үлгісінің ұқсастықтары бойынша Сары арқадағы мүсіндер Жайсан 14 кешеніндегі 1-мүсінге барынша ұқсас. Мүсіндіктуындылардың иконографиясындағы айырмашылық тек қана әр түрлі адамдарды бейнелеген жеке бет-әлпеттері бойынша байқалады. Оң қолымен кеуде тұсына ыдыс ұстаған, ал сол қолы алақанымен қарын тұсына жайғасқан мүсіндердің орындалу ұқсастықтары Орталық Азия тас мүсіндері тобынан белгілі. Мұндай ұқсас үлгідегі мүсіндер Монғолияда, Алтайда, Шығыс Түркістанда табылып зерттелінген.

*Монуменгалды өнер ескерткіштері
мазмұндарымен дәстүрлі дүниетанымды жаңғырту*

*Реконструкция традиционного мировоззрения тюрков
по материалам памятников монументального искусства*

Дәстүрлі мемориалдық өнер ескерткіштерінің мазмұнында ешқандай да бір кездейсоқтықтың нышаны болмайды. Салттық мүсіннің құрылысы жерлеу және еске алу ғұрпынан кейін дала кеңістігінде қалатын және осы ескерткіштерді тұрғызған ұрпақтарының санасында өмір сүруі/бар болуы тиіс еді. Көшпелілердің идеалдық түсініктеріне сай, тас мүсіндердегі Ұлы бабаларының бейнесі түрк қоғамында өмір сүруін жалғастырды және оның өлімінен кейінгі қызметінің бірі өз ұрпақтарын қорғау болды. Сәйкесінше, адамдардың санасында, Жайсан 14 мемориалына орнатылған қаған мүсіні оның тірі кезіндегі өз Отанын, халқын паналау қызметімен байланысты болуы тиіс.


Жайсан 14 мемориалындағы екінші түпнұсқа күйіндегі ер адамның мүсіні солтүстік қоршаудың шығыс жағында тұр. Биіктігі 2,3 м. болатын мүсіннің портреті қалың гранитті монолиттің екі қырының түйіскен жеріне қашалған. Аталған дәстүрлі түрк стилі мүсіннің портретін дайындау кезінде қолданылған арнайы техникалық тәсілді іске асыру барысында күшейтілген. Монолиттің екі қырында орналасқан және терең рельеф әдісімен соғып істелінген мүсіннің бет-әлпеті анығырақ берілген. Онда адырайған көздері, кең танаулы мұрны мен ұшы жоғары қарай ширатылған

женной к животу, форме серьги, кинжала и верхней одежды, почти аналогична изваянию 1 из комплекса Жайсан 14. Различия в иконографии скульптур различимы только в портретах лиц, передающих индивидуальные особенности черт персон, изображающих разных людей и косах, которые показаны на спине статуи из Сары-Арки. В Центральной Азии, известны ряд скульптур, исполненных в сходной манере с сосудом на уровне груди в правой руке и левой руки, приложенной ладонью к животу. Такие статуи открыты и изучены на территории Монголии, на Алтае и в Восточном Туркестане.

В содержании памятников традиционного мемориального искусства отсутствуют факты случайности какой-либо детали. Скульптура, установленная на ритуальном сооружении, после совершения обрядов захоронения и поминовения, в функциональном отношении должна была находиться в пространстве степи и стоять/существовать/быть/жить в сознании людей, потомков создавших этот памятник. В соответствии с идеальными представлениями номадов, образ величественного предка, воплощенный в каменной статуе продолжал участвовать в жизни тюркского социума и одной из функций его посмертной деятельности, являлось покровительство своим потомкам. Соответственно, статуя кагана, установленная на мемориале Жайсан 14, должна была, согласно сознанию людей соответствовать его прижизненной функции – покровительство своему народу, отечеству.

Вторая, мужская скульптура мемориала Жайсан 14, установленная с восточной стороны северной ограды и высечена на стыке двух граней, мощного гранитного монолита, высотой 2,3 м. На статуе традиционный тюркский стиль, в котором исполнены индивидуальные черты образа персоны, усилен за счет применения специального приема, использованного





Сурет 9. 1 – Батыс Қазақстанда, Байте гибадатханасынан шыққан сармат мүсіні;
 2-3 – Жайсан гибадатханасының мүсіндері; 4 – Шығыс Түркістаннан шыққан мүсін;
 5 – Сары Арқадан шыққан мүсін; 6 – Тараз облыстық мұражайының мүсіні

Рисунок 9. 1 – сарматская статуя из святилища Байте в Западном Казахстане; 2,3 – изваяния святилища Жайсан; 4 – изваяние из Восточного Туркестана; 5 – изваяние из Сары Арки; 6 – изваяние из областного музея г. Тараз

мұрты бейнеленген. Таста берілген бейнедегі сезімге қаныққан түр-әлпет, мүсіннің «қадала қараған көзқарасы» және оған қараған кезде еріксіз туындайтын қорқынышты сезіну ерекше назар аудартады. Монолиттің екі қырындағы портретті орындауда ерекше тәсілді пайдалану арқылы бәдізші адамның таста қашалған бейнесінің сезім күйін дәл жеткізе білуге қол жеткізген (сурет 10, 2 в). Жайсан 14 ғұрыптық құрылысында кеуделі мүсін бейнесі монолиттің екі қырына мәнерлеп орындалған.



*Ғалымдар Айман Досымбаева, Такаши Осава,
Нурболат Богенбай ескерткішті
зерттеу барысында*

Процесс изучения памятника

Сипатталған мүсіннің толық кеуделі бірінші ер адам мүсіні мен әйел мүсінінің қатарында орналасуы, мүсіндеу өнеріндегі ерекше ғұрыптық рәсімдеудің тағы бір мысалы бола алады. Жайсан 14 культтік кешенінің біркелкі құрылымында көрініс тапқан барлық ғұрыптық элементтерден және ғұрыптық құрылыстың үлгісі мен құрамынан, әртүрлі тас мүсін үлгілерінен көшпелі түрк қоғамының әр қырлы идеологиялық, этникалық, әлеуметтік және мәдени секілді дәстүрлі ерекшеліктері көрініс береді. Сипатталып отырған мүсінді орнату сәтінде оған ғұрыптық киелі атрибуттарды бейнелемеуі, тұлғаның әлеуметтік дәрежесінің жоғарылығына қарамастан, өмірінде кейбір құқықтары шектеулі болғандығын дәлелдейді. Тіпті кеудесінде ыдыстың болмауы, ант-су ішу құқығына да ие болмағандығын білдіреді. Дегенмен, бұл мүсіннің қағанмен қатар бір мемориалда орнатылуы және монолиттің

при изготовлении портрета фигуры. Черты лица статуи, расположенные на обеих гранях монолита и выбитые в технике глубокого рельефа, переданы более чем отчетливо: формы больших, выпученных миндалин глаз, широкий нос с большими, выпирающими ноздрями и крупные, выделенные усы с закрученными вверх концами. Выражение лица суровое, эмоционально насыщенное, “пристальный взгляд” скульптуры невольно вызывает ощущение страха, возникающее при осмотре его. Посредством исполнения образа на обеих гранях монолита, ваятель достиг передачи эмоционального состояния, изваянного в камне человека (рисунок 10, 2 в).

Присутствие погрудной статуи 2 на культовом сооружении Жайсан 14, выразительный портрет которой, высеченный на стыке двух граней каменной глыбы и установленный на комплексе рядом с женским изваянием и полнофигурной скульптурой 1, является собой еще один пример оформления ритуала особенностями средств изобразительного искусства. Анализ позволил установить, что все элементы ритуала, нашедшие отражение в структурных единицах культового комплекса Жайсан 14, форме и составе ритуальных сооружений, с различными типами статуарных образцов отражают разные стороны идеологической, этнической, социальной и культурной особенностей традиционного социума тюркских кочевников. Отсутствие изображений священных атрибутов, используемых в процессе ритуала свидетельствует, что не смотря на высокий социальный статус персоны, изваянной в камне, эта личность не обладала при жизни некоторыми правами. К примеру, отсутствие оружия может свидетельствовать о том что он не был воителем. Отсутствие сосуда может говорить, что он также не обладал правом принесения клятвенной присяги на воде. Но установка его статуарного облика на одном мемориале с каганом и способ ваяния на стыке двух граней монумента является свидетельством его прижизненного высокого статуса. Высота каменного монумента размеры мощной глыбы, превышающей 2,3 м – яркие параметры, свидетельствующие о социальном статусе персоны, возможно при жизни осуществлявшей функции советника кагана.



екі қырына да портреті салынуы, оның тірісінде жоғары дәрежеге ие болғандығын куәландырады. Биіктігі 2,3 м. болатын мүсіннің қатты гранит тасынан жасалуы және айтарлықтай көлемді болып келуі де, оның тірі кезінде әлеуметтік дәрежесі жоғары тұлға болғандығын, мүмкін қаған кеңесшісі қызметін атқарғандығын болжауға мүмкіндік береді.

Жайсан 14 ғұрыптық құрылысының орталық қоршауының шығыс жағында, екі ерадам мүсінінің аралығында және екеуінен биіктігі жағынан да, көлемі жағынан да екі есе кіші, әйел мүсіні орналасқан (сурет 10, 2 б). Мүсіннің басы сынған, иегі мен мойны сақталған. Кеуде тұсында жартылай бүгілген сол қолында ыдыс бейнеленген. Қазба жұмысы кезінде әйел мүсінді қоршаудың ортасынан ұзындығы 11 см. темір, үш қалақты, қысқа сапты жебенің ұшы табылды. Гибадатханадағы культтік құрылыстарға қазба жұмыстарының жүргізілуі барысында үш қоршаудан бір данадан көмілген жебе ұштары табылды (сурет 10, 2 б). Жайсан 14-тің орталық қоршауындағы үш қалақты жебе ұшының нұсқасы кең таралған түрлердің бірі болып табылады және VII–IX ғғ. көшпелілердің соғыс жинағына тән [Худяков, 1986, 57 б., сурет 41, 2].

Табылған жебе ұштарының жерлеу, еске алу ғұрыптық дәстүрімен байланысы болуы, ғұрыптың жалпы мазмұнымен сәйкестенеді. Көне түрк және түркі тілдерінде оқ/оқ (жебе) сөзі «ана» мағынасында және алтай тіліндегі ең жақын этимологиясы ukta, яғни ұрпақ жалғастырушы деген мағынаны беретінін ескерсек, культтік құрылыстарда жерленген жебе ұшының символдық мәні аса күмән тудырмайды [Калинина, 2003, с. 124].

Сипатталып отырған атрибуттың әйел мүсінімен бірге бір ғұрыптық қоршауда жерленуінің мән мағынасы түркілердің дүниетанымдық реконструкциясын қайта жаңғыртуға дереккөз бола алады. Әйелдің құрметіне тұрғызылған қоршаудағы жебе ұшы тақырыбына орала отырып, әйел мүсіні мен Шу өзені алқабын ерте заманнан мекендеген «он оқ» халқының мәдени ерекшеліктерін және барлық Жайсан 14 мемориалын құрайтын аталған заттардың мазмұндарының арасындағы

Третье, женское изваяние из ритуального сооружения Жайсан 14, расположено с восточной стороны центральной ограды, между двумя мужскими статуями (рисунок 10, 2 б). Голова статуи отбита, сохранились очертания подбородка и шеи. В левой полусогнутой руке, на уровне груди показан сосуд. В центре ограды с женским изваянием, во время раскопок был найден железный, трехлопастной, черешковый наконечник стрелы, длиной 11 см (рисунок 10, 2 г). Наконечник стрелы представляет собой один из образцов, входивший в боевой комплект тюркских номадов периода VII–IX вв. [Худяков, 1986, с. 57, рис. 41, 2; 36, с. 149; рис. 64,5].

Очевидно, стрелы в сооружениях связанных с циклом обрядов похоронно-поминальной традиции соответствуют общему содержанию ритуала. Учитывая семантическую связь корня оқ/оқ (стрела) в старотюркском и тюркском языке, означающих понятие мать, его этимологическую близость с алтайским термином ukta, в значении производить потомство, символическое назначение наконечника стрелы в ритуальной конструкции не вызывает сомнения [Калинина, 2003, с. 124].

Специально захороненный в ритуальной ограде с женским изваянием, по своему смысловому содержанию, описываемый атрибут позволяет использовать его в качестве источника для реконструкции мировоззренческих представлений тюрков. В процессе анализа темы, связанной с находкой наконечника стрелы из ограды, сооруженной в честь женщины, нельзя исключить семантическую и символическую связь между содержанием описываемого предмета, женской статуи и всех составляющих, культового мемориала Жайсан 14 с культурными особенностями народа “десяти стрел”, исконно населявших земли в бассейне реки Чу.

В социально-экономическом контексте, высокий статус женщины в Западном Тюркском каганате был узаконен правовыми нормами, о чем свидетельствует монетный чекан этого периода (рисунок 10, 3-5). На первых тюркских монетах VI - VIII вв., найденных на территории Согда, Афрасиаба, Чачском оазисе, пара правителей изображена в манере, близкой иконогра-



семантикалық, әрі символикалық байланысты естен шығармау керек.

Батыс Түрк қағанатындағы әйелдің құқық ережелерімен заңдастырылған әлеуметтік-экономикалық деңгейінің жоғары болғандығына осы кезеңнің теңгелерінде чекандары куә бола алады. Соғдыда, Афрасиабта табылған бірінші түрк (VII ғ.) билеуші жұптар түркілік тас қашау өнерінің мүсіндік бейнесіне ұқсас үлгіде бейнеленген (сурет 10, 3-5). Ал монетаның бетіндегі «катун» деген қысқа жазу қағанмен бірге билеуші әйелдің әлеуметтік дәрежесін растайды [Смирнова, 1961, с. 55-70; Бабаяров, 2007, с. 32]. Ташкент оазисінің территориясы VII ғасырларда жұптасқан қаған мен қатынның жұбайлық бейнесі салынған ақша номиналын шығаратын орталықтардың бірі болған.

Қаған шаштары екіге жарыла тарқатылған күйінде суреттелген, ал ханымының басында үш қырлы бас киімнің үлгісі көрсетілген. Монетада «Тун яғбу - қаған» және «яғбу - қаған» деп жазылған жазулар бар [Бабаяров, 2007, 29-30, 89 б.]. Беткі жағында жұптасқан билеушілер бейнеленген, сыртқы бетінде әулеттік аңыз және таңба бейнеленген монета 2002 жылы Кызыл-су (Красная речка, Қырғызстан) қалашығынан табылды. VIII ғасырдың бірінші жартысында «Соғды, Чаганиана және Чачтың кейбір билеушілерінің монеталарының көбірек таралған түрі билеуші мен оның жұбайының жұп бейнесі бейнеленген монеталар болды» [Камышев, 1987, 37 б.].

Нумизматикалық материалдардағы қатынның қағанмен қатар жұп түрінде бейнелеу дәстүрі әлемнің көптеген халқына тән екі бастаманың ынтымақтастығы туралы аңызға негізделген. Бірақ түрк қоғамының әлеуметтік құрылымындағы әлемнің қоснегізді құрылысы туралы идея заң ретінде арта түсті және қағанның бірігіп басқарушысын көрсететін қатун бейнесі түрк жерінің бейнесі болып табылды [Торланбаева, 2004, 191-214 б.].

Жайсан 14 мемориалын құрайтын культтік құрылыстың дәстүрлі жиынтығының құрамы, оған ритуалды гибадатхананы сипаттайтынын жаңа элементтерді кіргізгенін көрсетеді. Жайсан 14 культтік мемориалының шығыс аралының кеңінен


фическому стилю изображения портретов на статуарных образцах тюркского камнерезного искусства, а в лаконичной надписи “катун” на аверсе монет, засвидетельствован социальный ранг соправительницы кагана [Смирнова, 1961, с. 55-70; Бабаяров, 2007, с. 32]. В Ташкентском оазисе, территория которого в VII в служила в качестве одного из центров по чекану монет, широкое распространение получили денежные номиналы с парными изображениями супружеской четы – правителя кагана с длинными, разделенными на прямой пробор волосами и царицы катун, в трехрогом головном уборе.

Монеты сопровождаются надписями «джабгу-каган» и «Тун джабгу-каган» [Бабаяров, 2007, с. 29-30, 89]. Монета с изображением пары правителей на аверсе, с династической легендой и тамгой на ее реверсе была обнаружена в 2002 г. на городище Красная речка в Кыргызстане. В первой половине VIII века такие номиналы являлись “наиболее распространенным типом монет у некоторых правителей Согда, Чаганиана и Чача стало парное изображение правителя и его супруги” [Камышев, 1987, с. 37].

Традиция парного изображения катун рядом с каганом в нумизматических материалах основано на мифологеме единства двух начал, характерной для многих народов мира. В социальной структуре тюркского общества идея дуального устройства мира была возведена в ранг закона и образ катун, символизирующий соправительницу кагана, по мнению исследователей, являлся олицетворением тюркской земли [Торланбаева, 2004, с. 191-214].

Составляющие структуры мемориала Жайсан 14 показывают, что в состав традиционного набора культового сооружения, характеризующего его как ритуальный храм, введены новые элементы. Наряду с отличиями, которые отражены в иконографии статуи, особенностью культового мемориала Жайсан 14 от широко известных ритуальных сооружений восточного ареала является присутствие женской статуи, установленной между двумя мужскими скульптурами, отсутствие цепочки коновязных столбиков/балбалов и находка наконечника стрелы в ограде с женским изваянием.





Сурет 10. Жайсан 14, ритуалды қоршауларының жобасы; 2 а,б,в – тас мүсіндері;
2 г – 2-ші қоршауда табылған жебенің үші; 3-5 – Шаи қаласынан
(Ташкент аумағы) табылған түркітер тенгелері

Рисунок 10. 1 – Жайсан 14, ритуальные ограды, план; 2 а, б, в – каменные изваяния;
2 г – наконечник стрелы из ограды 2, Жайсан 14;
3 – 5 – тюркские монеты из Шаи (Ташкентский оазис)



таралған ғұрыптық құрылыстардан ерекшелігі, онда мүсіннің иконографиялық ерекшелігімен қатар, екі ер адам мүсінінің ортасында әйел адам мүсінің орналасуы, ат байлайтын бағандардың кездеспеуі және әйел мүсіні қойылған қоршаудан жебе ұшының табылуында.

Жайсан ғибадатханасындағы мүсіндерде көрсетілген бет-әлпетті бейнелеудегі стилистикалық тәсілдің киім, ыдыс, сырға, белдік, қанжар, кеуде әшекейлерінің және т.б. үлгілері дәстүрлі түрк культтік өнерін сипаттайтын бейнелеу ережесінің қатаң талаптарына сай орындалған. Жайсан ғибадатханасындағы мүсіндік туындыларда бейнеленген культтік заттар қатарының ұқсастығы: бірдей ыдыс үлгілері (4 дана), тамшы түріндегі сырға (3 мүсінде), бірдей киімдер (2 мүсінде), ромб түріндегі ал-қалар (2 мүсінде), жартастарда қашалып салынған қайталанатын ұқсас таңбалар (үш рет) кездейсоқтық емес. Мүсіннің иконографиясындағы стилистикалық тәсілдермен бірге, екі толық бейнелі мүсіннің толығымен қайталанатын кейіптеріндегі ерекше белгілерінің ұқсастығы аталған мұраларды қалдырған халықтың этномәдени құндылықтарының ортақ болғандығын айшықтайды. Мүсіндерде қайталанатын символикалық атрибуттардың негізгі саны Жайсан ғибадатханасындағы мемориалдардың кезең-делуін талдап беруде нақты дәлел болады. Сонымен қатар, олардың бас кезі VIII ғасырдың нақты бір кезеңінде өмір сүргендігін дәлелдейді.

Үлкен спектрлі әр түрлі мүсін және стелалармен бірге, Жайсан ғибадатханасындағы культтік мемориалдардың құрылымдық ерекшелігі түрк қоғамының әлеуметтік маңыздылығы мәселесін зерттеуге деген қызығушылықты арттыра түседі. Культтік құрылыс алып жатқан аумақ секілді белгілерге сүйене отырып, құрылымның құрылысының құрамы (бірден үшке дейін және одан да көп қоршаулар), оларға орнатылған мүсіндер саны 2 метрден асатын мүсін биіктігі және мүсіннің иконографиясы тайпа жетекшісі мемориалының дәлелді белгісіндей болып көрінеді. Жайсан 14 культтік-мемориалды кешені тайпалық бірлестікті басқарған жеке тұлғаның құрметіне тұрғызылған ескерткіш болып табылады. Шебердің мүсінді бейнелеуде

Стилистические приемы изображения черт лица, формы одежды, сосудов, серег, нагрудных украшений, пояса, кинжала и др., показанных на статуях святилища Жайсан выполнены в строгом соответствии с требованиями изобразительного канона, характерного для традиционного тюркского культового искусства. Идентичность типов серии культовых предметов, изображенных на скульптурах святилища Жайсан: одинаковые формы сосудов (4 экз.), каплевидной формы серьги (на 3-х изваяниях), похожие типы верхней одежды (на 2-х статуях), ромбовидной формы подвески (на 2-х статуях), дублирующиеся аналогичными тамгами на скалах (трижды), не являются случайными. Сходство атрибутов, дополненное повторяющейся позой двух полнофигурных изваяний, совместно со стилистическими особенностями иконографии скульптур наводят на мысль об этнокультурном единстве населения, оставившего описываемое наследие. Основное количество символических атрибутов, бытовавших в один и тот же период, изображения которых повторяются на статуях, являются веским аргументом для определения периода развития и хронологической интерпретации мемориалов святилища Жайсан, свидетельствуя о функционировании их в конкретный отрезок времени, начало которого датируется периодом VIII века.

В стиле изображения портретов двух мужских скульптур, установленных снаружи с восточной стороны конструкций, этнографических особенностях, переданных в форме прически изваяния 1, в манере исполнения черт лица фигур, одежды, украшений, сосуда передана информация о высоком социальном статусе людей, в честь которых воздвигнут мемориал. Данные по иконографии образа, стилистические приемы изваяния, поза фигуры и другие атрибуты подчеркивают высокий статус персоны и приоритетное положение человека, изображенного на изваянии 1 в социальной иерархии тюркского общества, населявшего земли долины Жайсан. Положение левой руки, кисть которой приложена ладонью к животу и отсутствие оружия или же символическое присутствие кинжала, показанного



В музее города Акдениз (Турция, Анталия) сохранились мемориальные стелы, созданные в честь женщин, головы которых украшены цветками, а в нижней части памятников высечены тамги в форме

таралған билік пен ықпал етушілердің иелеріне тиесілі екендігін куәландырады» деген қорытындыға алып келеді [Плетнева, 1967, 126-127 б.].

Жайсан жартастарындағы айдаһар бейнеленген Шу өзені аңғары территориясын бүгінде дулат руы және олардың бір тармағы ботбайлар да мекендеп отыр. Деректерге қарағанда, Ботбай – Ұлы Бұлғарияны құрған Аспарух ханның ағасы Кубрат ханның баласы. Батбай есімді адам Кубан бұлғарларын билегені белгілі [Артамонов, 1962, 190-239 б.].



Дулат тайпасының жартастағы таңбасының фототүрлет

Фотография тамги племени Дулат на скале

Дунай бұлғарларының алғашқы хандары Апоба (кейінгі Плиска қаласы) жерінде тұрған. Апоба терминінің мағынасы ап/аб – су (иран тілінде) және оба – тайпа, ру деген (түрк тілінде) екі сөзден құралған. Бұлғар қолбасшылары субегі деп аталды, яғни аудармасы – су иесі деген мағына беруі мүмкін. Батыс түркілерінің Шу өзені аңғарында орналасқан тұңғыш астанасы да Суяб деп аталды. Суяб этимологиясы түрк/иран тілдерінде су/аб (түрк тілінде), аб/су (иран тілінде), яғни су мағынасынан келіп шығады [Камолиддин, 2007, 47 б.]. Дулу/дуло/дулат руы өкілдерінің туып өркендеген мекені Су/Шу өзені аңғары болды. Айдаһар қорғап жүретін Жер-Су құдайының негізгі белгісі Су деп есептелінді.

двойных трезубцев. Традиция изображения драконов на коврах сохранялась в Турции до этнографической современности (Таблица 1). Тамги в форме трезубцев, двузубцев представляют собой один из частых видов клейм на керамических изделиях из средневекового города Саркел, Салтовского и Дмитровского могильников. Трезубец изображен на пряжке из катакомбы 5 Подгоровского могильника и аналоги таковым встречаются в Волжской Булгарии. Распространение клейм сходных форм на территории Дона, Северного Кавказа, в Волжской и Дунайской Болгариях, позволило прийти к выводу, что совпадение клейм на предметах различного назначения «свидетельствует о принадлежности их держателям..., влияние и власть которых распространялась на большую территорию» [Плетнева, 1967, с. 126-127].

Дракон высечен на скалах Жайсана, на территории долины реки Чу, где поныне проживают современные дулаты, среди которых сохранилось родовое подразделение ботбай. По источникам Ботбай/Батбай – имя старшего сына хана Кубрата, брата Аспаруха, создавшего Великую Болгарию. Известно, что человек с именем Батбай стоял во главе кубанских болгар [Артамонов. 1962, с. 190, 239].

Первые ханы дунайских болгар жили в местности Апоба (впоследствии г. Плиска). Значение термина апоба распознается из двусоставного ап/аб – вода (с иранс. яз.) и оба – род, племя (с тюрк. яз.). Предводителей болгар именовали субеги, перевод которого вероятно, мог быть обозначением – хозяев воды (су – вода, бег – хозяин). Первая столица Западного Тюркского каганата расположенная в долине реки Чу носила название Суяб, перевод которой этимологизируется из одного и того же тюрко-персидского смыслового обозначения воды: су/вода (тюрк.), аб/вода (иранс.) [Камолиддин, 2007, с. 47]. Альма-матер представителей рода дулу/дуло/дулатов – долина реки Су/Чу. Вода – основной символ божества Жер-Су, который оберегает айдаһар/дракон.


Содержание информации из различных источников, дошедших в символах, в действительности способствует распознаванию основной мысли, составляющей

Белгі түрінде жеткен әртүрлі дерек-көздердегі ақпараттар мазмұны расында да түркітердің әлем түсінігі аясын құрайтын негізгі ойды тануға мүмкіндік береді. Түркітердегі Аспан мен Жер-Су бірлік концепциясы, әлем негізінің бөлшектенбес идеясы болып саналды. Олар сумен ант беріп, ант/су ішіскен. Ант қабылдау сәтінде сертгескен келісімді бұзбау үшін су ішіп анттасқан. Ол туралы көне орыс жылнамаларында «олар өздерінің сенімі бойынша түгел жасағымен су ішті» деп сақталған [Golden, 1984, 108 б.]. Батыс түркітерінің киелі Жер-Су белгісі қасиетті Мыңбұлақ (Шу өзені аңғарында орналасқан қазіргі Мерке ауылы) деп аталды.


Жебемен бейнеленген айдаһар белгісі отан қорғаушы (елінің қамқоршысы) мағынасында түсінілсе, оның халқы он оқ, боз оқ, үш оқ, қос оқ деп аталынды. Жартастарында айдаһар бейнелері бар ғибадатхана құрылысында түркітер қолдарында бейнелі түрде символикалық су құйылған ыдыстары бар тас мүсіндермен, үш мүйізді бас киім үлгісі бар абыз/бақсылардың қатысуымен қоғамдағы тұрақтылық пен бақ-береке үшін Тәңірге сиыну ғұрпын өткізген.

Осылайша мыңдаған жылға жалғасқан Түркістан этногеографиялық феномені түрк халықтарының мызғымас шекарасы, мәңгілік бесігі болды, себебі күзетте түрк жері мен суының иесі – оқпен қаруланған айдаһар тұрды. Оқтың өзі халық болды.

стержень тюркского миропонимания. Это – идея незыблемости основ мироздания, концепция единства Неба и Земли-Воды тюрков. Водой закрепляли клятву - ант суын ішү/выпить клятвенную воду. Присягание в процессе заключения клятвенного договора в форме закрепления его выпиванием воды – исконно тюркская традиция, о которой в древнерусских летописях сказано, «что они роту пили по своей вере» [Golden, 1984, с. 108]. Символом земли западных тюрков являлась священная вода, святыня именовалась Мынбулак/Тысяча источников (современное село Мерке, расположенное в долине реки Чу). Дракон, знаками которого являлись стрелы, осуществлял защиту отечества, а народ, обладающий стрелами назывался боз оқ, уч оқ, қос оқ, он оқ. Сооружая святилища с каменными изваяниями, с сосудами в руках символически наполненных водой, изображая драконов на скалах, в присутствии бақсы в трехрогих головных уборах, тюрки проводили ритуалы поклонения Тенгри, с мыслями о благоденствии и стабильности в обществе.. Так создавался на протяжении тысячелетий этногеографический феномен Туркестана, колыбель тюркских народов, границы которого были незыблемы, потому что на страже находился дракон, хозяин земли и воды тюрков, вооруженный стрелами. Стрелами являлся народ.



Қазак тайпаларның таңбалары
Тамги казахских племен



Сурте 17. 1 – аждахар бейнелі белдіктің ұшы. Разград, Болгария; 2 – сүйектен жасалған пластинадағы қарама қарсы тұрған аждахарлар бейнелері. Шиловка, Россия; 3, 4 – екі бөрі басты денесі бұйырылған аждахардың таста бейнеленген көріністері. Конья, Турция.


Рисунок 17. 1 - наконечник ремня с изображением драконов. Разград, Болгария;
2 - противостоящие драконы на костяной пластине из Шиловки, Россия;
3, 4 - изображения перевитого туловища дракона с двумя волчьими головами. Конья, Турция.

Кесте 1. Әртүрлі артефаттарда бейнеленген аждахар символдары

Таблица 1. Символы дракона на различных типах артефактов

Каменное изваяние	Стелла из музея Аланьи	Монета	Ковер	Ковер
<p data-bbox="302 400 436 428">Казахстан</p> 	<p data-bbox="655 400 751 428">Турция</p> 	<p data-bbox="989 400 1140 428">Узбекистон</p> 	<p data-bbox="1360 400 1457 428">Турция</p> 	<p data-bbox="1719 400 1816 428">Турция</p> 

Жетісу. Түрк ескерткіштері
Тюркские памятники Жетысу



Условные обозначения:

- Петроглифы
- Тамга
- Курганы VI-VIII, IX-XII вв.
- Рунки?
- Курганы с изваяниями
- Городище
- Курганы II-V вв.
- Ритуальные ограды VI-VIII, IX-XI вв.
- Изваяние



ТАРАУ 2 ГЛАВА 2

Жартастағы сурет өнері және рулық таңбалар

*Қоршаған орта концепциясымен түркітердің жартастағы
өнер суреттерінің бірлігі*

Памятники тюркского наскального искусства и родовые тамги

*Тюркское наскальное искусство в контексте единства среды
с окружающей средой обитания*

Жайсан ғибадатханасының түркілік культтік мемориалдарының құрамдас бөлігін рулық таңбалар мен жартас өнер ескерткіштері және зерттеу жұмыстары жүргізілген тас мүсінді құрылыстар, жерлеу құрылыстары құрайды. Ескерткіштерге жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстары барысында петроглифтер мен таңбалар мазмұны мен белгіленуі тұрғысынан түрк көшпелілерінің мәдени мұрасының ажырамас бір бөлігі болып табылатындығы анықталды.

Жайсан ғибадатханасы оқшаулау аймағында, Үңгірлі, Қасқырсай және Жиделісай төңірегінде, шағын бұлақтарының арнасы бойына орналасқан жартастарда петроглифтердің үлкен шоғыры орналасқан. Солтүстік және солтүстік-батысқа қарай бағытта созылған тау жоталарының жазықтықтары оңтүстіктен және оңтүстік-шығыс жақтардан тау баурайы табиғи күннің қызуымен қарайған. Көлбеу және тігінен орналасқан жартастардың беттеріндегі күннің қызуымен қарайған бөліктері түрк әлемінің бейнесінің толық суреттеп беретін көшпенділер үшін табиғи галерея болды. Суреттердің негізгі бөлігі петроглифтері бар тау қыраттары мен жартас маңындағы тегіс алаңқайға орналасқан ландшафта шо-

Составной частью, тюркских культовых мемориалов святилища Жайсан, являются памятники наскального искусства и родовые тамги, работа по изучению которых, проводится наряду с исследованием мемориальных комплексов с изваяниями, стелами и погребальных сооружений. В процессе комплексного исследования памятников стало очевидным, что петроглифы и тамги являются неотъемлемой частью, единого по содержанию и назначению, культурного наследия тюркских кочевников.

На территории локализации святилища Жайсан, на скальных выходах, расположенных вдоль русел небольших водных источников родникового происхождения, в местности Унгузли, Касқырсай и Жиделисай выявлены большие скопления петроглифов. Плоскости каменных гребней, протянувшиеся в направлении севера и северо-запада, с южных и юго-восточных сторон склонов горных выходов покрыты природным загаром. Патинизированные поверхности наклонных и вертикально расположенных выходов скал использовались кочевниками в качестве естественных галерей на которых, в развернутом виде представлена картина тюркского мира. Наблю-



ғырланған және олар қандай да бір ғұрыптық рәсімдерді өткізуге арналған.

Жайсан ғибадатханасы түркілік культтік мемориалдарының құрамдас бөлігі болып табылатын жартастағы өнер туындыларымен мен рулық таңбаларды зерттеу жұмыстары тас мүсінді және стелалы мемориалды кешендерді зерттеумен бірге жүргізілді. Ескерткіштерді кешенді зерттеу барысында петроглифтер мен таңбалар орта ғасырдағы түрк тайпаларының мазмұны жағынан ажырамас бірыңғай, мәдени мұрасы болып табылатыны анықталды. Жартастағы өнер туындылары жерлеу — еске алу құрылыстарымен тікелей байланыстылығы Жайсан алқабы кеңістігіндегі түрлі объектілерді, ең алдымен оқшаулау факторында көрініс тапты. Жартасқа салынған түрк таңбалары және петроглифтерді талдаудың нәтижелері тарихи дереккөздердің екі түрінің ішкі өзара байланысын растайды. Жайсан ғибадатханасының жартастарына салынған рулық таңбалардың жеке бір түрлері стелаларда, және түрк мүсіндерінің бас жақтарында немесе кеуделерінде қайталанатын. Түркілердің рулық таңбаларына ұқсас үлгілері Батыс Түрк қағанаты VII-VIII ғғ. кезеңіндегі теңгелерде бейнеленген, монеталарда таңбалармен қатар, жартас өнері ескерткіштерінде жануарлар бейнесіне ұқсас бейнелері салынған.



Үңгірлі жартасындағы композиция

Композиция на скале. Унгурули

Орталық Азияның барлық аймағында жартас өнер туындыларының ландшафты-топографиялық ерекшелікпен орналасуы «көптеген мыңжылдықтар бойында культтік және ғұрыптық жораларды өткізуге арналған» орындар ретінде қызмет еткен алаңқай сурет-

дениями установлено, что основная масса рисунков концентрируется в таких местах ландшафта, на которых перед участком сопки-горы/скалы с петроглифами расположена ровная площадка, предназначенная для проведения ритуальных церемоний.

Памятники наскального искусства взаимосвязаны с погребально-поминальными сооружениями. Что нашло свое выражение, прежде всего, в факторе локализации различных объектов в пространстве долины Жайсан. С другой стороны, результаты анализа тюркских тамг, выбитых на тех же скальных полотнах, что и петроглифы свидетельствуют о внутренней взаимосвязи этих видов исторических источников. Отдельные типы родовых тамг, которые выбиты на скалах святилища Жайсан дублируются аналогичными тамгами на стелах, изваяниях и тамговыми подвесками, изображенных на груди тюркских статуй. Аналогии родовым тамгам тюрков присутствуют на денежном чекане периода функционирования Западного Тюркского каганата. На монетах VII-VIII вв. совместно с тамгами встречаются и изображения животных, выполненные в стиле, весьма сходном с манерой изображения фигур животных в наскальном искусстве.

Повсеместно, на территории Центральной Азии ландшафтно-топографической особенностью расположения памятников наскального искусства являются прилегающие к скалам с рисунками, площадки, служившие в качестве мест «для проведения ритуальной и культовой деятельности» [Кубарев и др., 2005, с. 37]. Ритуальные места со следами культурной деятельности человека, со скоплениями сотен отдельных каменных курганов, иногда сгруппированных в одном определенном месте, каменные стелы-коновязи ... «могли быть своеобразными древними «святилищами» [Кубарев и др., 2005, с. 37-38]. И «наиболее характерными признаками, указывающими на ритуальный характер древнего «святилища», являются сотни чашевидных углублений, покрывающих отдельные валуны», свидетельствующие о «проведении коллективных, церемониальных обрядов» [Кубарев и др., 2005, с. 40].

Закономерность расположения коллективных святилищ в местах концентрации памятников наскального искусства,

тері бар жартастарға іргелес болып табылады [Кубарев және т.б., 2005, 37 б.]. Мамандардың пікірінше, адамның мәдени қызметінің іздері бар культтік орындар жүздеген жеке тас обаларының жинақталуымен, кейде белгілі бір жерде топтасқан тас стелалар, ат байлайтын бағаналар ... «өзіндік ежелгі «ғибадатханалар» болуы мүмкін еді [Кубарев және т.б., 2005, 37-38 б.]. Авторлардың болжамынша, ежелгі «ғибадатхананың» ғұрыптық белгісіне ұқсайтын тән белгілер жеке қойтастарға салынған, «қоғамдық, салтанатты ғұрыптарды жүргізуді» дәлелдейтін тостаған бітімдес шұңқырлар болып табылады [Кубарев және т.б., 2005, 40 б.].



*Қасқырсай жартасындағы
петроглифтер галереясы*

Наскальная галерея с петроглифами

Жартастар өнер ескерткіштері шоғырланған орындардағы ұжымдық ғибадатханалардың орналасу заңдылығы, мұндай жерлердің тостаған бітімдес шұңқырлы қойтастармен қатар жүруі мен қоғамдық ғұрыптық жораларды өткізу үшін арнайы алаңқайлардың болуында. Мұндай ғұрыптық орындар зерттетушілер тарапынан Жетісу аймағы-

сопровождение таких мест валунами с чашевидными углублениями и наличие специализированных площадок для проведения общественных ритуальных церемоний, выявлено исследователями на территории Жетісу/Семиречья [Марьяшев, Горячев, 1998, с. 59-63]. Анализ типов памятников наскального искусства на описываемой территории позволяет провести определенную градацию, вычленив среди природных храмов наиболее крупные святилища, служившие в качестве мест проведения межплеменных, ритуальных церемоний. К такому типу святилищ относится Тамгалы [Марьяшев, Горячев, 1998, с. 59]. Характерной особенностью малых родовых святилищ является небольшое количество петроглифов, однообразных по сюжету. Такие святилища «служили для отправления повседневных культов и для почитания покровителей рода» [Марьяшев, Горячев, 1998, с. 60]. Вопрос о градации святилищ с петроглифами напрямую связан с их функциональным назначением, которое в свою очередь нашло отражение в темах и сюжетах памятников наскального искусства. Характер содержания петроглифов и сопутствующих им элементов культового характера, которыми могли быть и погребальные курганы свидетельствует о структурированной организованности сакрального пространства святилища. Организованность сакрального пространства отражена как в сюжетах рисунков, так и «в самой планировке святилищ, которые были приспособлены под древние храмы в соответствии с представлениями древнего человека о мироустройстве. Каждое из святилищ представляло собой модель мира» [Марьяшев, Горячев, 1998, с. 63].

Почти одинаковый уровень патинизированности основного количества рисунков и стиль, в котором выполнены различные изображения животных, людей не дают основания для выводов по их хронологии. Как и на многих, уже введенных в научный оборот памятниках наскального искусства, в пределах одной группы встречаются рисунки нескольких исторических эпох: бронзы, раннего железного века, средневековья, этнографические рисунки и тамги казахов. Рисунки более ранних эпох на скалах долины Жайсан встречаются в единичных экземплярах, они едва видны и порой, с трудом




нан анықталды [Марьяшев, Горячев, 1998, 59-63 б.]. Ғалымдардың ойынша, сипатталған аумақтағы жартас өнерін көрсететін бірнеше жарқын кешендердің зерттелуі нәтижесінде, соғылған ғибадатхана типтерінің анализі белгілі бір градацияны жасауға мүмкіндік береді, яғни табиғи ордалар ішінен тайпаралық ғұрыпты рәсімдер орны ретінде қызмет еткен үлкен ғибадатханаларды анық тауға мүмкіндік береді. Осындай ғибадатханалардың бірі Таңбалы ескерткіші. [Марьяшев, Горячев, 1998, 59 б.]. Кішірек, тайпалық ғибадатханалардың ерекшелігі шағын көлемде құрылымы жағынан біркелкі петроглифтердің кездесуінде. Мұндай ғибадатханалар «күнделікті табыну үшін және ру қамқоршыларын қастерлеу үшін қызмет еткен» [Марьяшев, Горячев, 1998, 60 б.]. Петроглифтер салынған ғибадатханаларды саралау мәселесі тікелей олардың функционалдық қызметімен байланысты, олар өз кезегінде жартас өнерінде бейнеленген ескерткіш сюжеттері мен тақырыптарында көрініс тапқан.

Петроглифтер мазмұнының сипаты және оның жерлеу қорғандары сияқты культурлік сипаттағы ілеспе элементтері ғибадатхананың қасиетті кеңістігінің құрылымдық жинақылығын куәландырады. Қасиетті кеңіс-

поддаются чтению. Среди них можно отметить изображения ряженных, быков с характерными формами рогов, в виде двух удлиненных, параллельных, слегка изогнутых кверху отростков и сцен охоты на них. Каждый из описанных рисунков, которые можно отнести к эпохе бронзы, зафиксированы в единичных случаях. Ранним железным веком датируются изящно выполненные фигуры двух оленей, изображенные стоящими на кончиках копыт. Основная масса петроглифов выполнены с использованием техники мелкоточечной выбивки.

В урочище Унгузли место локализации сцен с петроглифами выделяется в пространстве урочища изгибом небольшой речки, образующей на этом пространстве ровную, свободную площадку. Примечательной по содержанию является центральная сцена. Высеченная на, большой по площади, вертикальной скале, сцена содержит крупные изображения фигур верблюда, оленя и нескольких, небольших рисунков козлов. Изображения животных выполнены в одном стиле, с использованием сходной техники контурной прорисовки и дальнейшей шлифовкой внутри контура фигуры животных (рисунок 1).



Сурет 1. Бұғы және түйенің графикалық бейнелері. Үңгүрлі
Рисунок 1. Графическое изображение оленя и верблюда в Унгузли



Бұғы және түйенің бейнелерінің фотосуреті. Үңгурлі.

Фотография оленя и верблюда в урочище Унгурли

тіктің жинақылығы «ежелгі адамдардың дүнетанымдық түсініктеріне сай, ғибадатхананың жоспарлануының өзі ежелгі храмдарға бейімделген суреттердегі сюжеттерде көрініс тапты. Ғибадатханалардың әрбірі әлем бейнесін көрсете алды» [Марьяшев, Горячев, 1998, 63 б.].

Суреттердің басым көпшілігін бірыңғай күннен қарайған жартастарда басқан және адамдар мен жануарлар бейнесінің орындалу стилідері төмендігі хронологиялық мерзімін анықтауға мүмкіндік бермейді. Жартас өнері туындыларының біразы ғылыми айналымға енгізілді, олардың арасында қола, ерте темір, ортағасырлық этнографиялық суреттермен қатар, қазақтардың да таңбалары әртүрлі мерзімдегі суреттердің ішінде көрсетілген. Жайсан даласындағы жартастарда ерте кезеңге жататын суреттер жекелеген түрде кездесіп отырады, алайда олардың болар-болмас көрінуіне байланысты анықтау, зерделеу қиындық тудырады. Жартас суреттерінің ортасынан жоғары қарай сәл иілген бұтақшалары бар, параллелді ұзын мүйіздері бар бұқа бейнеленген. Жекелеген жағдайда тіркелген және сипатталған әрбір суреттерді қола дәуіріне телуге болады. Ерте темір дәуіріне жататын, керемет орындалған екі бұғының бейнесі

Содержание описываемой композиции объединено общим сюжетом. На полотне картины, изображения туловищ верблюда и оленя показаны в направлении друг к другу, но головы обоих животных обращены в одну, противоположную сторону, на северо-запад. Голова оленя, сидящего напротив верблюда, повернута назад и создается впечатление, что внимание обоих животных направлено на что-то или кого-то, которое находится к северо-западу от них. Фигура двугорбого верблюда на описываемой сцене представляет собой крупное животное, которое в несколько раз превышает размеры оленя и занимает половину большой скальной плиты. Но изящная фигура оленя, уступая по размерам туловищу верблюда, по высоте, устремленных ввысь, ветвистых рогов, протянувшихся в длину до 1 м, также занимает значительное пространство на площади вертикальной скалы, в урочище Унгурли.

Изображения верблюдов в наскальном искусстве Казахстана, встречаются повсеместно, почти во всех святилищах с петроглифами и по данным исследований образ этого животного, на про-



тұяқтарының ұшымен тұрған қалпында суреттелген. Петроглифтердің негізгі бөлігі ұсақ нүктелеу техникасымен орындалған.

Үңгірлі сайының оқшаулау аймағындағы петроглифті сахна мен тегіс, бос алаңқайлы кеңістікте иіліп аққан өзен бөліп жатыр. Мазмұны жағынан есте қаларлық орталық сахна болып табылады. Тік жартастың үлкен алаңқайында ірі түйе мен бұғының бейнесі және шағын тау ешкілердің бейнелері қашалған. Жануарлар бейнесі контурлы суреттеу техникасымен және жануарлар бейнесінің ішкі контурларын өңдеу арқылы бір стилде орындалған.



*Үңгірлі жартасындағы
петроглифтер галереясы*

Наскальная галерея с петроглифами

Үңгірлі шатқалындағы түйе суреттерінің бұғы бейнесімен бірге бейнеленген көріністері бар. Композиция мазмұны ортақ сюжетпен біріктірілген. Бұл суретте түйе мен бұғы суреті бір қабырғада жануарлар бейнелері бір-біріне бағытталып орналасқан, бірақ бастары бір жаққа, солтүстік-батысқа қарай қаратылып бейнеленген. Түйеге қарсы тұрған бұғы басының артқа бұрылғандығынан, жалпы сурет екі жануардың да солтүстік-батыста орналасқан бірденеге, немесе біреуге назарын аударғанындай әсер береді. Сипатталып отырған қабырғадағы екі өркешті түйе бейнесі бұғыдан бірнеше есе үлкен, әрі үлкен таулы қабырғаның жартысын алып отырған ірі жануар болып көрінеді. Бірақ денесі түйеден кіші бұғының әсем бейнесі де ұзындығы бойынша 1 м. биіктікке тармақталған мүйізімен жартас алаңының әжептәуір кеңістігін алып тұр (сурет 1).

тяжении нескольких тысячелетий являлся одним из объектов почитания. Большое количество петроглифов с фигурами описываемых животных расположены в местах скопления наскальных рисунков Центрального Казахстана [Новоженков, 2002, с. 49, рис. 14, табл. 19, 22-24 и др.]. В наскальном искусстве Сары Арки, фигуры двугорбых верблюдов высекали на протяжении длительного периода. Обратив внимание, на «мастерство выполнения и сюжетное богатство гравюр», манеру передачи образов животных, наполненных экспрессии А.Х. Маргулан писал, что «древние мастера могли передать горделивую осанку верблюдов, стройность скакунов, изящество оленей ...» [Маргулан, 2003, с. 14].

По результатам исследования наскальных рисунков Каратау, отмечено, что «в петроглифах эпохи бронзы и раннего железного века, верблюд является центральным персонажем многих картин, вокруг которого развиваются все события». Авторы пишут, что «культовый характер многих сцен с участием верблюда подчеркивается огромными размерами этого животного и непропорционально мелкими изображениями других действующих лиц» [Кадырбаев, Марьяшев, 1977, с. 177-178].

Использование образа, описываемого животного в культовом, прикладном искусстве народов Центральной Азии имеет глубокие корни. Предметы с изображениями верблюдов встречаются на металлических пряжках из Сибири, Приуралья, Западного Казахстана [Акишев А., 1976, с. 188, таблица II]. В середине I тысячелетия до н.э., металлические пряжки с изображением верблюда, являлись одним из атрибутов захоронений социальной элиты (таблица 1, 5) [Кадырбаев, 1984, с. 89-90, рис. 5, 1-2].

В захоронении усуньской жрицы из Каргалы, в состав культовых предметов входили и два золотых перстня, украшенные скульптурными фигурками верблюдов, инкрустированных бирюзовыми вставками [Самашев и др., 2005, с. 118]. Образ, описываемого животного сопровождает и такие предметы культового назначения как курьильницы, которые использовались в процессе проведения обрядовых действий, во время ритуальных церемоний. Шествующие, друг за другом, верблюды изображе-

Қазақстан жартас өнерінде түйе суреті гибадатханалардың барлығында дерлік кездеседі, әрі ғалымдардың пайымдауынша, түйе бейнесі бірнеше ғасырлар бойы сиыну нысандарының бірі болған. Суреттелген жануарлар пішіндері мен петроглифтердің басым көпшілігі Орталық Қазақстан аймағында жартас суреттерінен белгілі [Новоженков, 2002, 49 б., сурет. 14, кесте 19, 22-24 б.]. Сарыарқа жартас өнер туындыларында ұзақ жылдар бойы екі өркенші түйе бейнесі салынып келген. Жануардың бейнесін берудегі шапшаңдыққа толы «орындалу шеберлігі мен гравюраның сюжеттік байлығына» назар аударған Ә.Х. Марғұлан: «көне шеберлер түйенің паңдығын, жылқының сымбаттылығын және бұғының әсемдігін беруге тырысқан болуы мүмкін ...» дейді [Марғұлан, 2003, 14 б.].

Қаратау өңірінің жартастағы суреттерін зерттеу нәтижесінде «қола және ерте темір дәуірі петроглифтерінде түйе жан жағында оқиғалар өрбіп жатқан көптеген суреттердің орталық кейіпкері» ретінде бейнеленген. Авторлардың жазуынша, «түйе қатыстырылған көптеген көріністердің культтік сипаты осы жануардың үлкен көлемі мен басқа бейнелердің үйлесімсіз ұсақ болуына» баса назар аударған [Қадырбаев, Марьяшев, 1977, 177-178 б.].

Аталмыш жануардың бейнесін қолдану Орталық Азия халықтарының культтік қолданбалы өнерінде тамыры тереңнен бастау алады. Түйе суреті салынған заттар Сібір, Орал маңы, Батыс Қазақстан металл тоғаларында кездеседі. [Акишев А., 1976, 188 б, II кесте]. Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында түйе суреті бар металл тоғалар қоғам элитасын жерлеу белгілерінің бірі еді [Қадырбаев, 1984, 89-90 б., сурет 5, 1-2].

Қарғалыдан табылған үйсін абызының жерлеу орынындағы культтік заттар құрамынан көгілдір ақық таспен әсемделген түйе мүсіндері салынған екі алтын жүзік табылған еді [Самашев және т.б., 2005, 118 б.]. Сонымен қатар, аталмыш жануар бейнесі ғұрыптық рәсімдер кезінде қолданылған шырағданға да салынған. Конусты тұғырдың үстіне орнатылған екі дөңгелек табақ тәрізді осындай екі аспаптың шеті мен ортасында бірінен соң бірі сап түзеген түйе суреттері бейнеленген (кесте 1, 6) [Самашев және т.б., 2005, 77-78 б.]. Екі бұйым да Алматы облы-

ны по бортикам и в центре двух курильниц, представляющих собой круглые блюда, установленные на конической подставке (таблица 1, 6). Оба предмета происходят с территории Алматинской области и являются случайными находками. На территории Алматы и его округи были найдены отдельные фигурки верблюдов, изготовленные из бронзы [Самашев и др., 2005, с. 79].

В тюркский период верблюд, по-прежнему является одним из излюбленных персонажей наскального искусства и его изображения встречаются на территории Казахстана, повсеместно в горах Улытау, Каратау, Хантау [Марғұлан, 2003, с. 16]. К эпохе раннего средневековья относятся новые скопления рисунков, открытые в Минусинской котловине, среди которых «довольно большое количество изображений верблюдов с всадниками и без них, бегущие свободно или ведомые всадниками на конях» [Леонтьев и др., 2005, с. 132]. Авторы отмечают, что «образ верблюда неизвестен в наскальном искусстве Минусинской котловины предыдущих эпох». На одной из сцен, зафиксированной в местности Улазы, рядом с рисунками всадников на верблюде и лошади, изображены тамги (таблица 1, 3) [Леонтьев и др., 2005, с. 131, рис. XVII]. Ромбовидная по форме тамга, высеченная на одной плоскости с изображениями всадников на верблюде и лошади, на сцене из Улазы имеет сходство с тамгами, которые зафиксированы на скалах святилища Жайсан. Описываемый вид тамги, напоминающий по форме ромб, свисающий на овальной подвеске, близок ромбовидным подвескам, которые изображались на груди тюркских каменных статуй. Особенностью тамги из Улазы в отличие от тех, которые изображались на изваяниях и скалах святилища Жайсан, является сплошная, дополнительная черточка, изображенная между ромбом и подвеской. Среди тамг Жайсана зафиксированы парные изображения тамг на подвесках. Форма одной из них показана в виде округлой тамги на подвеске, а вторая - в форме ромба. На подвесках ромбовидной тамги с обеих сторон нанесены две отходящие от нее черточки.

Несомненный интерес представляет и факт функционального применения образа верблюда, изображение которого

сынан кездейсоқ табылған заттар. Алматы өңірінен қоладан жасалған түйелердің басқада да мүсіндері табылған [Самашев және т.б., 2005, 79 б.].

Түрк дәуірінде жартаc өнер туындыларында түйе әлі де ең ұнамды кейіптердің бірі және оның бейнелері Қазақстан жеріндегі Ұлытау, Қаратау, Хантау тауларында кездеседі [Марғұлан, 2003, 16 б.]. Минусинск алқабында табылған суреттердің жаңа топтамасы ерте орта ғасыр дәуіріне жатады, олардың ішінде «үстінде шабандозы бар және салт атты, еркін шауып және ат үстіндегі шабандозымен жетектеліп келе жатқан көптеген түйелердің суреттері» кездеседі [Леонтьев және т.б., 2005, 132 б.]. Авторлардың белгілеуінше, «Минусинск алқабында табылған түйе бейнесі бұдан бұрынғы дәуірдегі жартаc өнерінде белгісіз еді» [Леонтьев және т.б., 2005, 132 б.]. Улазы аймағынан табылған көріністердің бірінде салт атты суреттерімен қатар, түйе мен атқа да таңбалар салынған (кесте 1, 3) [Леонтьев және т.б., 2005, 131 б, XVII сурет]. Ат және түйе үстіндегі шабандоз суретімен бір деңгейде қашалған ромб түріндегі таңба Жайсан ғибадатханасы жартастарында табылған таңбаларға ұқсас. Сипатталған ромб пішініне ұқсас, сопақ алқада салбырап тұрған таңба түрі түрк тас мүсіндерінің кеуделеріндегі ромб тәрізді алқаларға ұқсас болып келеді. Бірақ, Жайсан ғибадатханасы жартастары мен тас мүсіндерінде суреттелгендерден Улазы таңбасының ерекшелігі ромб мен алқа арасында кескінделген қосымша сызықшаның болуында. Жайсан таңбалары ішінде алқалардағы таңбалардың қос суреттері белгіленген. Бірінің пішіні алқада дөңгелек таңба ретінде көрсетілсе, екіншісі — ромб түрінде. Ромб түріндегі алқаларда екі жағынан да екі сызықша салынған. Жайсан таңбаларының арасынан салпыншақтағы жұптасқан бейнелер тіркелді. Олардың бірі дөңгелек таңба секілді болса, екіншісі ромб тәрізді жасалынған. Салпыншақтағы ромб тәрізді таңбаның екі жағынан да екі сызықша салынған.

Түйе мүсіні ромб тәрізді таңбалармен бірге VII-VIII ғғ. монеталарда соғылып, түрк мемлекетінің ақша өлшегіші ретінде қызмет атқарды (рисунок 1, 4). Сипатталып отырған таңбалар Батыс түрк қағанатының оқшаулы территориясындағы монеталардың арасы-

совместно с ромбовидной тамгой чеканилось на монетах VII-VIII вв и имело хождение, в качестве эталонного денежного мерила тюркского государства (рисунок 1, 4). В связи с описываемым видом тамги важно отметить, что они известны и среди нумизматического материала с территории локализации Западного Тюркского каганата. Заслуживает внимания тот факт, что сочетание изображений двугорбого верблюда на аверсе монеты и ромбовидной тамги на ее реверсе, сопровождаемое надписью на согдийском языке: «Благодатный божественный каган» было характерно и для монетного чекана, периода VII-VIII вв. [Бабаяров, 2007, с. 20]. С середины 30-х гг. VIII в, в Отрарском оазисе имели хождение монеты с тамговым знаком тюркешей на реверсах монет, в форме ромба на подвеске [Бурнашева, 1999, с. 121].

Анализ сюжетов памятников наскального и прикладного искусства, свидетельствует, что повсеместное присутствие образа верблюда говорит о почитании этого животного и его тесной связи с мировоззрением населения. В государстве караханидов составной частью официального титула соправителя кагана было слово «богра» (на казахском языке верблюда называли бура), в значении двугорбий верблюд, полный титул звучал – Бограхан. Почитание верблюда длительное время сохраняется в казахской традиции. Территориальное распространение культа верблюда связано с регионом его доместикации, т.е. с территорией Средней Азии и Казахстана, которое хронологически, может быть отнесено к началу III тысячелетия до н.э.. Выводы авторов о территории одомашнивания описываемого животного, подтверждаются наблюдениями о том, что несмотря на то, что «верблюд – исконный обитатель монгольских пустынь и гор... его изображения редко встречаются и в древних петроглифах Монголии» [Кубарев и др., 2005, с. 69].

В традиционной, культовой практике населения казахской степи поклонение образу верблюда сохраняется на протяжении нескольких тысячелетий и продолжает свое существование в этнографической среде казахов. Прекрасный знаток этнографии академик А.Х. Марғұлан, описывая сюжеты



нан белгілі. Екі өркешті түйенің бейнесі монетаның беткі жағында (аверс) және ромбы тәрізді таңбаның сыртқы жағында (реверс) бейнеленуінің үйлесуі және соғды тілінде «Қасиетті киелі қаған» жазуымен қатар тұруы VII-VIII ғғ. монеталарына тән [Бабаяров, 2007, 20 б.]. VIII ғ. 30-шы жылдарының ортасында Отырар алқабында түргештердің ромб тәрізді таңбасы бар монеталар айналымда болды [Бурнашева, 1999, 121 б.].


Ертедегі адамдардың наным-сенімдерімен тікелей байланысты монументалды туындылар мен қолданбалы өнер сюжеттерінің талдауы, түйе пішінінің кеңінен қолданылуы, бұл жануарды құрмет-теуінің және халық дүниетанымымен тікелей байланыстылығын көрсетеді. Қарахан мемлекетінде қағанның ресми титулымен бірге «боғра» сөзі қолданылған (қазақ тілінде бұра сөзінің мағынасы түйенің басты еркегін білдіреді), мағынасы екі өркешті түйе, толық титулы — Боғрахан болған. Түйе культінің аймақтық таралуы ғалымдардың бақылауы бойынша, бәлкім аймақтың доместикациясымен, яғни хронологиялық түрде б.з.д. III мыңжылдықтың басына жатқызуға болатын Қазақстан және Орта Азия аймақтарымен байланысты. Расымен де, авторлардың айтуынша, Орталық Азияның басқа аймақтарында «түйе — монғол шөлдері мен тауларының байырғы тұрғындары...» болғандарына қарамастан, оның суреті Моңғолияның ежелгі петроглифтерінде сирек кездеседі» [Кубарев және тб., 2005, 69 б.].

Қазақ даласы тұрғындарының дәстүрлі дүниетаным тәжірибесінде түйе бейнесіне табыну бірнеше мыңжылдықтар бойы сақталып, қазақтың этнографиялық ортасында тіршілігін сақтап келеді. Этнографияның білгір маманы Ә.Х. Марғұлан арасында түйе образы ең көп кездесетін Орталық Азияның ежелгі өрнектерінің сюжетін суреттей отырып, «олар қазақтардың ежелгі Желмая аңызымен байланысады» деп жазады. Ғалымның ойынша, түйенің үлкен суреттерін салу дәстүрі бәлкім «түйелердің басшысы Ойсылқара» туралы мифінің көрінісі шығар дейді [Марғұлан 2003, 14, 16 б., сурет 352]. Жайсан ғибадатханасында жартастарында түйе бейнелерінің ромб тәрізді белгілермен қатар жүруі, бұл бейненің басқа жердегі петроглифтермен үйлесім табуы сипатталған бейненің өзара байланысы

древних гравюр Центрального Казахстана, среди которых большое количество рисунков с фигурами верблюдов пишет, что они «перекликаются с древними легендами казахов о Жел-Мая». Традиция изображения больших фигур верблюдов, по мнению ученого, является отражением мифа о «покровителе верблюдов Ойсыл-кара» [Марғұлан, 2003, с. 14, 16, рис. 352]. Присутствие ромбовидных знаков, совместно с изображениями верблюдов, на скалах святилища Жайсан, сочетание этих изображений на скалах в других местонахождениях петроглифов свидетельствуют о взаимной связи и широком распространении идей, связанных с ними. парном сочетании фигуры верблюда, с ромбовидной по форме тамгой изображались на древнетюркских монетах из Шаша. Факт функционального использования тамги, в виде ромба совместно с изображением верблюда, позволяют судить о том, что сфера использования описываемого образа распространялась и на область идеологии. В пользу использования описанного образа в ритуальных целях служат предметы культа с присутствием изображений верблюда на пряжках, на перстнях из захоронения жрицы из Каргалы, курильнице из Алматы (таблица 1, 7), культовых и мемориальных комплексов, расположенных в сакральной зоне Жайсана. Полученные данные существенно дополняют информативный потенциал, содержащийся в материалах ромба и фигуры верблюда, изображенных на одной и той же монете в качестве символов тюркской государственности. Результаты исследования, описываемых источников, также указывают, на характер экономического, социального и политического статуса тюркских племен, населявших описываемые земли в ранний средневековый период.

Малочисленность образов верблюда, в регионах локализации восточных тюркских племен, на землях Алтая, Тувы, Монголии, преимущественная локализация рисунков и предметов культового искусства на территории казахской степи, совместно с монетными материалами, с этим персонажем и сопровождающими их тамгами, позволяют очерчивать ареал развития культуры тюрков, родовым тотемом которых являлся образ описываемого животного.






Кесте 1. 1 - жартастағы түйе бейнесі. Жайсан гибадатханасы; 2 а, б – түргештер таңбалары. Жайсан гибадатханасы; 3 - түйе және атты адам бейнелері мен түргештер таңбасы. Улазы, Минуса алқабы; 4 – түргеш таңбасы мен түйе бейнесі көрсетілген теңге; 5 – металды қыстырма. Батыс Қазақстан; 6 – түйелер бейнелерімен әшекейленген табақ. Алматы; 7 - алтын сақиналар. Қарғалы, Алматы облысы.

Таблица 1. 1 – изображение верблюда на скале. святилище Жайсан; 2 а, б – тюркешские тамги. святилище Жайсан; 3 – тамга и рисунки верблюдов. Улазы Минусинская котловина; 4 – монета с изображением верблюда и тюркешской тамгой; 5 – металлическая пряжка. Западный Казахстан; 6 – блюдо с фигурами верблюдов. Алматы; 7 – золотые перстни из клада в Карғалы. Алматинская область.

мен кеңінен таралғандығын куәландырады. Көне түрктік Шаш монеталарында түйе бейнесі мен ромб тәрізді белгі жұптаса үйлесім. Түйе суретімен қатар бейнеленген ромб тәрізді таңбаның қызметі идеология тұрғысында қолданылған. Алматы маңынан табылған шырағдандағы, Қарғалыда табылған абыздың жүзігіндегі және Жайсан даласының киелі аймағындағы культтік және мемориалды кешендерінде түйе бейнелерінің болуы ғұрыптық мақсатқа қызмет еткендігін көрсетеді (кесте 1. 5-7), Ромб және түйе бейнелерінің түрк монеталарында суреттелуі түрк мемлекеттігінің символы ретінде бейнеленуі алынған мәліметтерге қосымша әлеуетті ақпараты болып табылады (кесте 1, 4). Сипатталып отырған дереккөздерді зерттеудің нәтижесі, сонымен бірге ерте ортағасырлық кезеңдегі сипатталған территорияны мекен еткен түрк тайпаларының әлеуметтік, саяси және экономика-

Изображения оленей с вертикальными, ветвистыми рогами на скалах святилища показаны среди всех скоплений петроглифов в долинах Унгурли, Каскырсай и Жидели сай. Основная часть изображений оленей показаны по одному и складывается впечатление, что они даны только в общем контексте святилища, в целом. Особенностью изображений оленей является стиль изображения рогов, которые во всех зафиксированных случаях, показаны в форме параллельных, вертикально направленных, ветвистых отростков (рисунок 2).

В прикладном и монументальном искусстве традиция изображать оленей имеет глубокие корни и «олень – один из главнейших персонажей индоиранских и тюрко-монгольских мифологий – часто воплощен в петроглифах в виде солнечного фантастического животного» [Кубарев и др, 2005, с. 59].



Сурет 2. Бұғы бейнесінің графикалық сызбасы. Үңгүрлі.

Рисунок 2. Графическое изображение оленя. Урочище Унгурли





*Бугының жартастагы фотобейнесі. Үңгүрлі.
Фотография наскального изображения оленя. Уңгурли*

лық статусын көрсетеді. Түйе образының Алтай, Тува және Моңғолия жерлеріндегі шығыс түркілердің оқшауланған аймақтарында аз ұшырасуы және рулық тотемі түйе болған қазақ даласындағы культтік туындыларда, таңбалармен бірге суреттелуі түркі мәдениетінің даму ареалын белгілеуге мүмкіндік берді.

Жайсан ғибадатханасындағы жартасқа қашалған түйенің бейнесімен қатар, мүйіздері тік тармақталған бұғылар да көрініс тапқан. Ғибадатхана жартастарындағы аталмыш аңдардың бейнесі Үңгірлі, Қасқырсай және Жиделісай аңғарларындағы петроглифтердің шоғырында көптеп кездеседі. Бұғы бейнелерінің негізгі бөлігі жеке көрсетілген. Барлық белгілеулер көрсеткеніндей, олардың негізгі ерекшелігі – бұғы мүйіздерінің пішіндерінде, яғни параллельді, тік бағыттала тармақталған бұтақшаларында (сурет 2).


Орталық Азия мен Қазақстанның ежелгі халықтарының қолданбалы және монументальді өнерлерінде бұғыларды бейнелеудің тамыры тереңде және ғалымдардың пайымдауынша, «петроглифтерде фантастикалық күн жануары ретінде бейнеленетін бұғы – үнді-иран және түркі-моңғол мифологиясының басты кейіп-керлерінің бірі [Кубарев және т. б., 2005, 59 б.].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, әйгілі Кобяково қорымының 10 қорғанынан табылған абыз диадемасында бейнеленген әлем ағашының аясындағы мифтік құстар мен бұғылардың бейнесі – тіршіліктің үнемі қайта жандану кезеңі мен ежелгі Еуразия халықтарының әлем моделін сипаттайды [Гугуев, 1992, 119 б.]. Қарғалы диадемасында мүйіздері жоғары қарай тармақталған бұғы үлгісі түркі ғаламының тірі табиғатын сомдайтын басқа да жануарлармен суреттелген. Айта кететін бір жәйт, диадемада көрсетілген бұғы бейнесі басқа аңдар секілді алға қарай ұмтылған қалпында, басы болса артқа бұрылған күйінде бейнеленген [Самашев және т. б., 2005, 115 б.]. Қарғалы диадемасындағы бұғының бейнесін бейнелеуде ежелгі суретшілер, Үңгірлі жартасындағы мойыны артқа қарай қайырылған бұғы мен түйенің бейнелері бір нәрсені күтіп, немесе қандай да бір іс-қимылды бағып тұрған күту эффектін қайталайды (кесте 2, 1).

Известный сюжет, воплощенный на диадеме жрицы из кургана 10 Кобяковско-го могильника, с мифическими птицами и оленями у мирового дерева «символизирует идею постоянного возобновления жизненного цикла и связан с моделью мира древнего населения Евразии» (таблица 2, 4) [Гугуев, 1992, с. 119]. На каргалинской диадеме олень, изображенный с ветвистыми, поднятыми вверх рогами присутствует наряду с другими животными, олицетворяющими части живой природы тюркского мироздания. Примечательно, что фигура оленя на диадеме изображена идущей вперед в том же направлении, что и другие животные, а голова оленя повернута назад [Самашев и др., 2005, с. 115]. На каргалинской диадеме, древним художником достигнут тот же эффект ожидания, что и на сцене, высеченной на скале, в урочище Унгури, на которой изображены верблюд и олень, голова которого обращена в противоположную сторону (таблица 2, 1).

В генеалогических преданиях тюркских народов образу оленя отводится особая роль [Sinor, 1982, с. 230]. Повсеместное распространение изображений оленя, отражает его связь с идеологическими представлениями тюрков о родовом тотеме. Отношение к оленю, как к священному родовому предку могло послужить поводом для декларации факта его почитания на государственном, законодательном уровне. Истории известен Указ Тон ябгу кагана (618-630 гг) о запрете убивать оленей. Согласно указанию кагана, в законодательной форме, в документе предписывалось, чтобы все олени были пересчитаны и каждому из них на шею повесили колокольчики. Формой наказания, за намеренное и ненамеренное убийство оленя являлась смертная казнь [Зуев, 1960, с. 91]. На другой сцене, расположенной в ущелье Касқырсай, изображение оленя находится рядом с изображением всадника и других рисунков. В урочище Жидели сай зафиксированы изображения скачущих всадников и всадника, расположенного рядом с оленем. Фигура оленя на этой сцене направлена в противоположную от всадников сторону.





Кесте 2. 1 – түйе мен бұғының графикалық суреттері. Ұңғурлі;
 2, 3 – бұғылар бейнелерінің графикалық көріністері;
 4 – абыз әйел диадемаcында көрсетілген бұғылар бейнелерінің графикалық көріністері.
 Кобяково, қорған 10. Ростов-на-Дону.

Таблица 2. 1 – сцена с изображениями верблюдов и оленя. Уңгурлі;
 2, 3 – рисунки изображений оленей. Уңгурлі, Касқырсай;
 4 – изображение на диадеме жрицы. Кобяково, курган 10. Ростов-на-Дону.





Сурет 3. Аң аулау әдістерінің жартастағы көрінісінің сызбасы. Жиделісай.
Рисунок 3. Графическое изображение сцены охоты в урочище Жиделисай



Аң аулау әдістерінің жартастағы фотокөрінісі. Жиделісай.
Фотография сцены с изображением сцены охоты в урочище Жиделисай



Түркердің генеалогиялық аңыздарында бұғылардың алатын орны ерекше [Sinor, 1982, 230 б.]. Бұғы образының жаппай таралуы түрк тайпаларының идеологиялық ұстанымындағы рулық тотеммен байланыса керек. Бұғыларды өздерінің арғы тегі, қасиетті ата-бабалары деп түсінуі мемлекеттік деңгейде құрмет көрсетіп, декларация қабылдауға итермеледі. Тон ябғу қағанның заңы бойынша бұғылар саналып, әрқайсысының мойнына қоңырау тағылды, ал бұғыны өлтіруге тырысқандарға өлім жазасы берілді [Зуев, 1960, 91 б.]. Қасқырсай шатқалындағы бұғы бейнесі салт атты және басқа суреттермен қатар бейнеленген.



Жиделісай жартасындағы
бұғы бейнесі


Наскальное изображение оленя

Орталық Азия кеңістігінде жартастарда суреттелген көптеген бейнелер салт атты жауынгерлеріне арналған және зерттеу барысында ғалымдар олардың даму үдерісін қола дәуірінен бері келе жатқан тасқа салынған суреттер екендігіне көз жеткізді. Түрк дәуірі кезеңінде табиғи галереяларда «қалықтап тұрған» және жебе тартып тұрған ортағасырлық әскердің орталық-азиялық арғы түрі қалыптасып қойған» [Кубарев, 2004, 78 б.]. Дәстүрлі қазақ мемориалды өнерінде жылқы культі, салт атты әскер жауынгерлер Батыс Қазақстандағы құлпытастарда айқын көрініс тапқан [Тасмағамбетов, 2001, 275 – 284 б.].

На скалах святилища Жайсан частыми являются сюжетные композиции, посвященные теме ритуальной охоты на козлов. На одной из сцен показана охота двух пеших лучников, а на другой - охоту ведут пять всадников с собаками (рисунок 3).

